

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

Прогресті жігерлендіру



2022

Корпоративтік
жауапкершілік
туралы есеп

Корпоративтік
жауапкершілік
туралы есеп

20
22

МАЗМҰНЫ

- 04 БАСШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ
- 05 БІЗДІҢ 2022 ЖЫЛҒАН ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ
- 06 ТШО ТУРАЛЫ ЖЫЛҒЫ
- 12 ТШО-НЫҢ САРА ЖОЛЫ
- 14 ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНЕ ОҢ ЫҚПАЛЫ
«Игілік» бағдарламасы
Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы
Демеушілік және қайырымдылық
- 22 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ БАСҚАРУ
Адамдар денсаулығын қорғау
Өндірістік процестің қауіпсіздігі
Қоршаған ортаны қорғау
Экологиялық мониторинг
Биоалуантүрлілік
- 40 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫҢ ДАМУЫН ҚОЛДАУ
Қызметтер мен жабдықтарды отандық компаниялардан сатып
алу және жеткізушілерді дамыту
Жергілікті қамтуға қатысты тәжірибелер мен талаптар
Шетелдік жабдық өндірушілерді қазақстандықтармен
алмастыру
Жаңа технологияларға көшу
- 46 АДАМДАРДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯ ЖАСАУ
Қызметкерлерді дамыту және оқыту
Әлеуметтік пакет
Қызметкерлердің түрлілігі мен компания қызметіне
қатысушылығы
Цифрландыру мәдениеті
- 54 БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

БАСШЫЛЫҚ ТОБЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ



Кевин Лайон
ТШО бас
директоры

2022 жылы «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) көрсеткен корпоративтік жауапкершілік ерекше мәнге ие болып отыр, өйткені компаниямыздың Қазақстанда қызметін бастағанына 30 жыл толып отыр.

Осы бір керемет кезеңге жетуіміз тек сала үшін ғана емес, Қазақстан халқы үшін де инвестициялардың, даму мен тұрақты ілгерілеу жолының айрықша мысалына айналды. ТШО компаниясы осындай тамаша табыс жолының жүзеге асуына үлес қосу мәртебесіне ие болғанын мақтан тұтады. Осы кезең ішінде біз Қазақстан Республикасының, серіктестеріміздің, қызмет жүргізіп жатқан жеріміздегі жергілікті халықтың және қызметкерлеріміздің алдындағы міндеттемелерімізді орындауға ұмтылдық.

1993 жылы ТШО-ның мұнай өндіру көлемі небәрі 1 млн тонна болғаны бүгінде адам айтса сенгісіз. 2022 жылдың соңында өндіріс көлемі 29,2 млн тоннаға дейін өсті, бұл Қазақстан Республикасында (ҚР) шикі мұнай өндірудің жалпы көлемінің шамамен 34%-ын құрайды. Сөйте тұра, 2000 жылдан бастап біз шығарындылардың өндірілген шикі мұнайдың әр тоннасына шаққандағы жалпы көлемін 75%-ке қысқарта алдық. Сонымен қатар, Келешек кеңею жобасы-Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ) бойынша жалпы жұмыстардың аяқталуы 97%-ке жетті, яғни біз қазір құрылыс пен жүйелерді қосудың ақырғы кезеңіндеміз.

Мұндай әсерлі жетістіктерге әріптестеріміз бен Қазақстан Үкіметінің қолдауынсыз, сондай-ақ дарынды және өз ісіне берілген қызметкерлердің үлесінсіз жете алмас едік.

2022 жылы біздің компания ТШО құндылықтарына сай - бизнесті жауапты жүргізуде және нәтижелерге дұрыс жолмен қол жеткізуде тағы бір жоғары нәтиже көрсетті. Біз 2022 жылы әлемде және мұнай өнеркәсібінде күтпеген қиындықтарға қарамастан, тұрақтылық пен табандылық танытқан қызметкерлерімізді мақтан тұтамыз. Солардың арқасында Біртұтас ТШО ұжымы Қазақстан үшін құндылықтар жасау жолында нығай-

ып, жұдырықтай жұмыла түсті. Біз өз қызметкерлерімізге тынымсыз инвестиция салуды жалғастырамыз және 2022 жылдың соңына қарай қазақстандық мамандар 1993 жылғы 50%-бен салыстырғанда ТШО негізгі өндірісіндегі лауазымдардың 94,8%-ын атқаратын болады.

Біз 2022 жылы ТШО жергілікті жеткізушілерге жұмсалған 5,3 млрд доллар қаржыны қоса алғанда, қазақстандық кәсіпорындарға жалпы көлемі 14,5 млрд доллар тікелей қаржылық төлем жасап, елдің экономикалық прогресіне осындай елеулі үлес қосуды жалғастырғанына ризамыз. Атап өтерлік жайт, ҚР Қаржы министрлігі Қазақстанның жер қойнауын пайдаланушылар санатындағы 50 жетекші салық төлеушілерінің ішінен ТШО-ны Үздік салық төлеуші деп таныды. Бұл марапат ТШО-ның адал салық төлеуші ретіндегі еңбегінің еленіп, оның экономикалық өсуге тигізген әсері мен адал, ашық және сауатты бизнес жүргізу үлгісі ретінде мойындалғанының белгісі.

2022 жылы компаниямыз қазақстандық мұнай-химия өнеркәсібі үшін де, ішкі қажеттіліктер үшін де газға өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруда ҚР-ға көмек көрсетуде өзінің жетекші ролін атқаруды жалғастырды. 2022 жылы ТШО ҚР-ға өндірілген тауарлық газдың 87%-ын жеткізді, ал қазіргі уақытта Атырау қаласындағы КРІ мұнай-химия кешені пайдаланатын пропан шикізатының 100%-ы ТШО-дан жеткізіледі.



Конилкош Суесинов

ТШО бас
директорының орынбасары

Пропан шикізатының 100%-ын Атырау мұнай-химия кешені пайдаланады. 2022 жылы ТШО жергілікті тұрғындар үшін құрғақ газды тұрақты қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Біздің жергілікті халық игілігіне салған инвестициямыз өңір тұрғындарының өміріне елеулі өзгерістер әкеледі. 1993 жылы негізі қаланғаннан бері ТШО Атырау облысы аумағындағы тұрғындарды, қызметкерлерді қамтитын әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға 2,7 млрд АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады. Жылдық бюджеті 25 миллион долларды құрайтын Игілік әлеуметтік инфрақұрылымының ерікті бағдарламасы, сондай-ақ 2,3 миллион долларды құрайтын әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының арқасында 2022 жылы біз 111 000-нан астам тікелей және жанама бенефициарларға оң әсерімізді тигіздік.

Қорытындылай келе, компаниямыздың 30 жылдығы атап өтілетін осы бір жылы біз Қазақстан халқына және барлық мүдделі тараптардың игілігі үшін күн сайын өз жұмыстарын қауіпсіз орындауға тырысатын мыңдаған қызметкерімізге шын жүректен құттықтауымызды білдіргіміз келеді.

БІЗДІҢ 2022 ЖЫЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Экологиялық көрсеткіштерді басқару



Газды кәдеге жарату



Суды қайта пайдалану



Қалдықтарды қайта пайдалану/ қайта өңдеу

● Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал ету

Қазақстан Республикасына тікелей төлемдер

14.5 млрд АҚШ доллары

2022 жылы **3.7 млрд** АҚШ долларынан астам қаржыға қазақстандық компаниялардың тауарлары мен қызметтері сатып алынды

1993 жылдан бері **43,6 млрд** АҚШ долларынан астам қаржыға қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтері сатып алынды

● Қызметкерлерді дамыту



Негізгі өндірістегі қазақстандық қызметкерлер -

94.8%

1993 жылы олардың саны

50% болған

Негізгі өндірістегі қазақстандық жоғары және орта буын басшыларының үлесі -

86.7%

● Біз қызмет атқаратын аумақта тұратын қоғамның әл-ауқатын жақсарту

ТШО 1993 жылдан бері Атырау облысының тұрғындары мен компания қызметкерлеріне арналған әртүрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 2,7 млрд АҚШ доллардан астам қаржы бөлді.

100-ден астам жаңа әлеуметтік нысан салынды.

2022 жылы «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасының бюджеті 30 миллион АҚШ долларын құрады.

2022 жылы әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының бюджеті 2,3 миллион АҚШ долларын құрады.

ТШО-ның тарихы

Прогресті жігерлендіру тарихы

Қазақстанның батыс аймағында орналасқан Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды. «Теңізшевройл» компаниясы 1993 жылдың сәуір айында алғашқы серіктес құрылтайшылары – Қазақстан Республикасы Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясының келісімге қол қоюы негізінде құрылды.

Бүгінгі таңда ТШО-ның серіктестері:

50%

Шеврон

20%

«ҚазМұнайГаз»
ҰК» АҚ»

25%

«ЭксонМобил
Казахстан
Вечурс Инк.»

5%

Лукойл

Мұнай кен орны туралы

Теңіз кен орнының аумағы үлкен, ені 20 шақырымды (12 миль), ал ұзындығы 21 шақырымды (13 миль) құрайды. Бағалау бойынша, Теңіз және Королев кен орындарының қоры шамамен - 1,4 миллиард тонна (11,5 миллиард баррель). Теңіз кеніші коллекторындағы бағаланған қор көлемі - 3,1 миллиард тонна (25 миллиард баррель). Кеніш әлемдегі ең терең, алып мұнай кен орны болып табылады, мұнайлы коллектордың жоғарғы жағы шамамен 4000 метр (13 000 фут) тереңдікте орналасқан.

ТАРИХҚА ҮҢІЛСЕК



1979 ж.

Теңіз кенішінің ашылуы

Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы Қазақстанның батыс аймағында ашылды. 1979 жылдың 18 желтоқсанында осы алаңдағы бірінші ұңғыдан 4045 – 4095 метрлік тереңдікте орналасқан тұз қабатының астындағы қыртыстан мұнай алынды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басынан ортасына дейін кеніш аумағында бұрғылау жұмыстары белсенді жүргізілді. 100-ден аса ұңғы бұрғыланды.

1985 ж. «Тенгизнефтегаз» құрылды

1985 жылдың ақпанында алып кен орнын игеру мақсатында «Тенгизнефтегаз» өндірістік бірлестігі құрылды.



1985 ж.

T-37 ұңғысында орын алған апаттық жағдай

1985-ші жылдың маусымында T-37 ұңғысының фонтанынан өрт шықты. Бұл өрт 400 күнге созылып, ол «Камерон» американдық компаниясының мамандарының көмегімен сөндірілді.

1986 ж. Теңізде құрылыс жұмыстарының басталуы

1986 жылдың басында көктемнің келуімен мұнай кен орнының нысандарында құрылыс жұмыстары басталды. Теңізге сол кездегі Батыс Германия, Франция, Канада және Венгр Халық Республикасының мамандары мен құрылысшылары келді. Зауыттың жобасын жасауға германиялық «Лурги» компаниясы, зауыт пен кен орнын басқарудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеуге канадалық «Лавалин» және француздық «Литвин» компаниясы атсалысып, венгриялық «Вэдьэпсер» компаниясы зауыт құрылысына келісімшарт алды.

1991 ж. Теңіз мұнай-газ кешенінің қосылуы

1991 жылдың 6 ақпанында инженер Борис Васильев пен операторлар Абдулхамит Артығалиев пен Ғафурин Әубәкіров T-8 ұңғысын іске қосты. Шикі мұнай кеніштің мұнай жинау жүйесі арқылы, атап айтқанда Топтық өлшеуіш қондырғы 15 – Орталық өндірістік манифольд пен шламтұтқыштан өтіп, одан әрі өңдеуден өту үшін зауытқа жетеді.



1993 ж.

Теңізшевройлдың құрылуы

1993 жылы 6 сәуірде келіссөздердің бірнеше кезеңінен кейін Қазақстан Республикасының сол кездегі Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен АҚШ-тың «Шеврон» корпорациясының президенті және басқарма төрағасы Кеннет Дерр Алматыда «Теңізшевройл» ЖШС құру туралы келісім-шартқа қол қойды. Теңіз кен орнымен бірге көршілес Королев кен орны «Теңізшевройл» ЖШС құрамына кірді.

1993 - 1998 жж. ТШО-ның «Атырау Бонус Қоры» бағдарламасының іске қосылуы

Атырау қаласы мен облыстың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту үшін «Атырау Бонус Қоры» деп аталатын бесжылдық бағдарлама жүзеге асырыла бастады, оның бюджеті 50 млн АҚШ долларын құрады. Ұзындығы 25 шақырым магистральдық газ құбыры қаланы көгілдір отынмен қамтамасыз етуді бастауға мүмкіндік берді және «Атырау Бонус Қоры» бағдарламасы шеңберінде «Теңізшевройл» компаниясының қаржысына салынды. «Атырау Бонус Қоры» бағдарламасы аясында нан зауытының құрылысы жүргізілді, Атырау облыстық ауруханасын жөндеу және қайта жарақтандыру жұмыстары аяқталды. 1997 жылы «Теңізшевройл» «Атырау Бонус Қоры» арқылы шағын бизнеске 1 миллион АҚШ доллары көлемінде пайызсыз несие ұсынды және 1998 жылы бағдарлама сәтті аяқталып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін берді.

1997 ж. Мұнай кешенін алғашқы рет жаңғырту

1997 жылы мұнай өндірудің жылдық көлемін 7 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік беретін өндіріс тиімділігін арттыру бойынша «Debottlenecking» – «Тар жерлерді кеңейту» жобасы жүзеге асырылды. Бұл өндірістік қуатты кеңейтудің келесі кезеңіне – «Бесінші желі» және «Бағдарлама-12» жобаларын жүзеге асыруға жол ашты.

1999 ж. «Игілік» әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының басталуы

«Теңізшевройл» өз бастамасымен «Игілік» атты жаңа әлеуметтік және инфрақұрылымдық бағдарламасын әзірлеп, қабылдады. Бағдарламаның бастапқы бюджеті сол кезде 4 миллион АҚШ долларын құрады, алайда «Теңізшевройл» инвестиция көлемін 2003 жылға дейін жыл сайын 8 миллион АҚШ долларына және келесі үш жыл ішінде 12 миллион долларға дейін көбейтті. 2009 жылдан 2010 жылға дейін «Игілік» бағдарламасының жылдық бюджеті 20 миллион долларды құрады; 2013 жылдан бастап «Теңізшевройл» «Игілік» бағдарламасы шеңберінде жобаларды қаржыландыруға 25 миллион доллар бөлді. Атырау облысының тұрғындары Теңіз кенішінен газ ала бастады.



2001 ж.

КҚК мұнай құбыры іске қосылды

2001 жылдың 25 наурызында «Теңізшевройл» компаниясы Теңіз кен орнын Ресейдегі Новороссийск қаласындағы теңіз терминалымен байланыстыратын ұзындығы 1480 шақырымды құрайтын КҚК құбырына шикі мұнайды сынақ ретінде жіберді.

2001 - 2008 жж. Екінші буын зауытының және Шикі газ айдау кешенінің құрылысының басталуы

Қазақстанда мұнай өндірісі тарихындағы мұнай кешенінің қуатын арттыру бойынша ең бірінші жобаны жүзеге асыру 2003 жылы басталып, 2008 жылы табысты аяқталды. Кеңейту жобасы шикі мұнай өндіру қуатын екі есе арттырып, отандық компанияның халықаралық мұнай саласындағы жетекші кәсіпорын болуына көмектесті.

2006 - 2008 жж. «Игілік» бағдарламасының жылдық бюджеті 12 миллион АҚШ долларын құрады.



2008 ж.

Екінші буын зауытын іске қосу

2008 жылдың 5 маусымында ЕБЗ/ШГА кешенін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашты. Бағасы 7 млрд АҚШ долларын құрайтын кешен ТМД елдеріндегі ең ірі жоба болып табылады.

«Оның қуаты Қазақстанға жылына 25 млн тонна мұнай өндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жоғары технологиялық жабдықты қолдану ауаға зиянды заттар шығарындылар көлемін азайтуға ықпал етті», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

2009 ж. ЕБЗ/ШГА жобалық қуатына 2009 жылы қол жеткізгеннен бері ТШО-ның шикі газ өндіру көлемі 25 миллион тоннаға жетті, яғни кешеннің өндіріс қуаты екі есеге артты.

2009 - 2012 жж. «Игілік» бағдарламасының бюджеті осы уақытқа дейін жылына 20 миллион АҚШ долларын құрады. «Игілік» бағдарламасын жүзеге асырудың осы кезеңінде Атырау облысындағы түрлі инфрақұрылымдық жобаларға 150 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.

2010 ж. «Мұнай сақтау паркі» жобасы аяқталды.



2011 ж. ТШО «Парыз» Гран-при сыйлығының иегері
2011 жылы «Теңізшевройл» әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі «Парыз» республикалық байқауында Гран-при сыйлығына ие болды. Сыйлықты табыс ету рәсімі Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен өтті.

2012 ж. ТШО құрылғанынан бері 2 миллиард баррель шикі мұнай өндірілді.

2013 ж. ТШО 20-жылдық мерейтойын атап өтті
Өткен 20 жыл ішінде ТШО-ның Атырау облысындағы әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларға жұмсаған қаражаты 800 миллион АҚШ долларынан асты, кәсіпорынның Қазақстан Республикасына жасаған тікелей төлемдері 77 миллиард АҚШ долларынан асты.

2013 ж. «Теңізшевройл» «Игілік» бағдарламасының жылдық бюджетін 25 миллион АҚШ долларына дейін ұлғайтты
ТШО бірнеше марапат иесі атанды: Ұлттық салалық «Қорған» конкурсының «Мұнай-газ саласындағы жыл компаниясы» номинациясы бойынша; KAZENERGY 8-ші Еуразиялық форумының бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурсының лауреаты атанды. «ТШО жаңалықтары» корпоративтік газеті «Үздік корпоративтік БАҚ – ENERGY TRIBUNE, 2013 жыл» конкурсында үздік аймақтық корпоративтік басылым болып танылды.

2015 ж. Теңіз кенішіндегі күкірт алаңдары тазартылды
Қазан айының аяғында «Теңізшевройл» ЖШС сақталған күкірттің соңғы партиясының жөнелтілуі жөнінде Үкіметке ресми түрде мәлімдеді және осылайша өз мойнына алған міндеттемесін мерзімінен екі жылға ерте орындады.



2016 ж. ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны қаржыландыру жөніндегі соңғы шешімнің қабылдану жөнінде жариялануы

2016 жылдың шілде айында ТШО Серіктестері Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыру жөніндегі соңғы шешімнің қабылданғанын жариялады. Бұл ТШО мен Қазақстан Республикасы үшін маңызды жетістік болды.

2017 ж. 1993 жылдан бері 3 миллиард баррель мұнай өндіру межесіне қол жеткізілді.



2018 ж.
ТШО 25-жылдық мерейтойын атап өтті.

2019 ж. ККЖ-ҰЕҚБЖ құрылысының ең белсенді кезеңінде Теңіз кен орнында 90 мыңға жуық қазақстандық жұмыс істеп жатыр.

2019 ж. Әкімдіктер мен «Теңізшевройл» компаниясы арасындағы келісім бойынша Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындарын кәсіптік оқыту бағдарламасы іске қосылып, жүзеге асырылды.



2020 г.
ККЖ-ҰЕҚБЖ соңғы құрастырмалы модульдік блоктары (ҚМБ) әрі қарай қайта құрастыру үшін Теңіз кен орнына қауіпсіз жеткізілді.

2020 - 2021 жж. ТШО Атырау облысына медициналық құрал-жабдықтар мен керек-жарақтарды сатып алуды қоса алғанда, COVID-19 індетіне қарсы күресте халықты қолдауға 18 миллион АҚШ долларынан (7,7 миллиард теңге) астам қаржы бөлді.

2021 ж. «Randstad Employer Brand Research» тәуелсіз халықаралық компаниясы «Теңізшевройл» мекемесін 2020 жылы Қазақстандағы ең үздік жұмыс беруші ретінде таныды.



2021 ж.
Теңізшевройл (ТШО) 1993 жылы бірлескен кәсіпорын құрылғаннан бері 500 миллион тоннадан (4 миллиард баррель) астам мұнай өндіріп, өзінің 28 жылдық тарихындағы тағы бір маңызды белеске қол жеткізді.

2022 ж. ТШО-ның барлық өндірістік қондырғыларын бір басқару орталығына және операциялық модельге біріктіретін заманауи нысан – Біріккен Өндіріс Басқару Орталығының (БӨБО) іске қосылуы.

ТШО ТАРИХЫ

Прогресті жігерлендіру

Біз кім болып келеміз?

Біз заманауи экономиканың қозғаушы күші болып табылатын мұнай, газ және ілеспе өнімдер өндіретін жетекші компания болып табыламыз. Біздің тарихымыз тәуелсіз Қазақстанның гүлденуімен тығыз байланысты.

Біз не нәрсеге сенеміз?

Біз қоршаған ортаға барынша төмен әсер тигізетіндей қауіпсіз, сенімді, әрі жауапты жұмыс атқаруға тырысамыз. «ТШО-ның сара жолында» көрсетілгендей, өзгешеліктерге құрмет пен қызметкерлерді қатыстыруға, жоғары көрсеткіштерге, адалдық пен сенімге, серіктестікке, қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғауды құрметтеуге қатысты құндылықтарымыз біздің кім екенімізді анықтайды және бізді нәтижелерге қол жеткізуге бағыттайды. Біз әлеуметтік салада жауапкершілік қағидасын ұстана отырып жұмыс атқарамыз және де қызмет етіп отырған аймақтағы қауымдастыққа, сонымен қатар қызметкерлеріміздің әл-ауқатына инвестиция салуға міндеттіміз. Тұрақты жергілікті компаниялардың экономика мен қоғамға пайда әкелетініне сенеміз, сондықтан да жергілікті мекемелердің мүмкіншіліктері мен табыстарының дамуына қолдау көрсетіп отырамыз.

Біз қандай жұмыстар атқарып жатырмыз?

Біз қоғамға пайда әкелетін және бизнесті қолдайтын, көліктерге жанармай болатын, үйлерді жылытатын өнімдерді қауіпсіз және сенімді түрде өндіріп, Қазақстан Республикасы және аумағында қызметімізді атқарып отырған Атырау облысының экономикасын дамытуға айтарлықтай үлес қосып келеміз.

Қазақстан Республикасына, төрт акционерімізге, өзіміз тұрып, қызмет атқаратын аймақтағы жұртшылыққа және өзімізге құндылық жасау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болып табылады. Біз еліміздің экономикасының дамуына және оның келешегіне үлес қосып отырғанымызды мақтан тұтамыз – біз болашақ ұрпаққа жаңа мұра қалыптастырамыз.

Бұларды біз неге жасап жатырмыз?

Біз оны қалай жасаймыз?

Біз өз қызметімізді үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырамыз, нәтижелерге дұрыс жолмен қол жеткіземіз және өз көрсеткіштерімізді жетілдіруде үздік болуға ұмтыламыз. Біз әрбір адамның пікірі ескерілетін, біртұтас ұжымда еңбек ететін сан алуан қызметкерлеріміздің арқасында, сонымен қатар технологиялардың, цифрлық жүйеге көшудің, инновацияның және кәсіпқойлықтың нәтижесінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткіземіз. Біз үкіметпен, акционерлерімізбен, жұртшылықпен, бизнес серіктестерімізбен, тұтынушыларымызбен және бір-бірімізбен парасатты, сенімді, бірлескен және табысты қарым-қатынас қалыптастырамыз.

Қызметіміздің бастауы қандай болды?

Біз Қазақстанның тарихын, дәстүрлері мен мәдениетін құрмет тұтамыз. Технологиялық тұрғыдан әлемдегі ең күрделі болып саналатын мұнай-газ кен орындарын ашу мен игерудегі баға жетпес еңбектері үшін Теңізді алғаш ашушыларға алғысымызды білдіреміз. Олар болашақ ұрпақтар үшін берік іргетас қалады.

Біздің бағытымыз қандай?

Біз Теңізде келесі бір үлкен кеңею жобасын жүзеге асыруды бастап кеттік. ККЖ-ҰЕҚБЖ шыңдалған қызметкерлер, жаңа нысандар, қазақстандық және халықаралық компаниялар арасындағы серіктестік арқылы технологиялар трансфері, сондай-ақ өңірдегі жақсартылған инфрақұрылым түрінде мұра қалдыратын заманауи жоба болып табылады. Бұл еліміздің болашақ ұрпағын әлемдік деңгейдегі көмірсутек ресурстарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Қазақстан үшін жалпыұлттық маңызы бар маңызды жоба болып табылады.



Біз - ТШО-мыз

Мақсат

Біздің басты мақсатымыз - Қазақстан Республикасы, ТШО үлескерлері және қызметкерлерімізге барынша пайда әкелу.

Перспективалық мақсат

Әлемдік мұнай-газ саласында қызметкерлерінің кәсіпқойлығы, серіктестік қатынастар және өндірістік көрсеткіштерімен құрметке не ең қауіпсіз, барынша тиімді және табысты кәсіпорын болу.

ТШО-ның сара жолы

Нәтижеге дұрыс жолмен жету

ТШО-ның сара жолы біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсатымызға қалай жететінімізді және неге ұмтылатынымызды түсіндіреді.

Ол компания қызметкерлерімен қатар бізбен қарым-қатынас жасайтын тараптар үшін біздің құндылықтарымыз бен мінез-құлық үлгілеріміз жайлы ортақ түсімік қалыптастырады.



ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНЕ ОҢ ЫҚПАЛ

ТШО-ның әлеуметтік бастамалары - Атырау облысы қоғамдастығы мен оның әрбір тұрғынының шексіз әлеуетін толық ашуға және ынталандыруға бағытталған. ТШО денсаулық сақтау, білім беру салаларын және әлеуметтік кәсіпкерлікті жетілдіру мен олардың қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып, адамдар үшін мүмкіндікті кеңейтуге ұмтылады.

ТШО ерікті «Игілік» әлеуметтік-инфрақұрылымдық даму бағдарламасы және Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ӘИБ) арқылы, сондай-ақ демеушілік көмек көрсету арқылы инвестиция жасайды. «Игілік» бағдарламасы әлеуметтік инфрақұрылымды (балабақшалар, мектептер, саябақтар және т.б.) салуға, ал Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру сапасы мен қол жетімділігін арттыруға және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. 1993 жылдан бастап ТШО Атырау облысының тұрғындары мен ТШО қызметкерлері үшін түрлі әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға 2,7 миллиард АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады.



• «Игілік» бағдарламасы

Кәсіпорын «Игілік» бағдарламасы шеңберінде мектеп, емхана, балабақша сияқты әлеуметтік маңызы бар 100-ден астам нысан салды. «Игілік» 1998 жылы төрт миллион АҚШ доллары көлеміндегі бюджетпен өз жұмысын бастаған болатын. Бүгінде бағдарламаның жылдық бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрап отыр. Кәсіпорын аталған бағдарлама нәтижесінде жаңа нысандарды салу және қызмет көрсету есебінен мыңдаған жұмыс орнын ашты. Мәселен, әрбір салынған балабақша есебінен мұғалімдер, медбикелер және басқа да қызметкерлер үшін шамамен 40-70 жұмыс орны ашылады.





«Игілік» жобаларының тізімі, 2022 ж.


Жобалар	Жоба басталған жыл	Жоба аяқталған жыл
Құлсары қаласындағы 3000 орындық орталық стадион	2021	2022
Көктем ықшам ауданындағы 160 орындық балабақша	2021	2022
Жұлдыз ықшам ауданындағы 160 орындық балабақша	2021	2022
Атырау облысына медициналық жабдық сатып алу	2022	2022
Құлсары қаласындағы 200 төсек-орындық ауруханаға арналған қосымша медициналық жабдық	2022	2022
Құлсары қаласындағы орталық аудандық аурухана	2020	
Тұщықұдық ауылындағы мектепке 350 орындық жапсаржай құрылысы	2021	
«Байбақты Ата» ескерткіші, Доссор	2022	
Атырау қаласындағы М. Жұмабаев атындағы 300 орындық мектеп	2022	

• Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

ТШО-ның Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ӘИБ) 2010 жылы іске қосылды. Ол білім беру мен денсаулық сақтау салаларын қолдауға, қоғам мүшелерінің еріктілер қозғалысына қатысуына, сондай-ақ экономикалық дамуды ынталандыруға бағытталған.

Осы бағдарлама аясында 2010-2022 жылдар аралығында жалпы сомасы шамамен 14 миллион АҚШ долларын құрайтын 108 жоба жүзеге асырылды. 2022 жылы ӘИБ бюджеті 2,3 миллион долларды құрады және 111 000-нан астам тікелей және тікелей емес бенефициарларға, соның ішінде балаларға, ересектерге, зейнеткерлерге, аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы отбасыларға, мүгедек балаларға және Атырау облысы халқының басқа да көптеген өкілдеріне оң әсер етті.

ӘИБ жобалары ТШО-ның бизнес-мақсаттары және Атырау облысы мен Маңғыстау облысы Боранкөл ауылындағы халықтың қажеттіліктерін бағалау зерттеуінің нәтижелері негізінде іріктелді. Халықтың қажеттіліктерін бағалау (ХҚБ) – қауымдастықтағы ең маңызды әлеуметтік, экономикалық және экологиялық қажеттіліктерді анықтауға және оларды шешу жолдары туралы идеяларды зерттеуге бағытталған тәуелсіз зерттеу. Жобаларды түрлі департаменттердің өкілдері кіретін ТШО әлеуметтік инвестициялар кеңесі ашық түрде таңдайды. Бұл процесс компанияға коммерциялық емес ұйымдарға гранттарды әділ бөлуге мүмкіндік береді (жеке тұлғалар немесе коммерциялық ұйымдар қарастырылмайды).







1-КЕЗЕҢ

ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУ ШАРТТАРЫНЫҢ МЫСАЛДАРЫ:

- Жоба жеке тұлғаларға арналмаған
- Жоба нақты коммерциялық бизнесті қолдамайды
- Жоба спорттық командаларға демеушілік көмек көрсетуді көздемейді
- ҮЕҰ әскери, саяси немесе діни ұйым емес
- Жоба ӘИБ географиясы аясында жоспарлануда - егер бұл жоба мемлекеттік маңызы бар болмаса
- Жоба ӘИБ қамтитын салаларының бірі аясында жоспарланған
- Бюджет тек сапарларды немесе жарысқа қатысу ақысын қамтымайды
- Жобаның көлемі мемлекеттік мекемелердің әдеттегі пайдалану шығындарын өтемейді
- Жоба «Игілік» бағдарламасымен қамтылуы мүмкін инфрақұрылым нысандарын салу жоспарланбаған
- Жобаның көлемі мен бюджеті тек кейбір заттарды сатып алуды ғана көздемейді
- Бюджеттің негізгі бөлігі айналымға бөлінбейді

2-КЕЗЕҢ

ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУ ШАРТТАРЫНЫҢ МЫСАЛДАРЫ:

- Жергілікті қауымдастықтардың қажеттіліктері мен басымдықтарын қолдау
- Жүзеге асыру мүмкіндігі
- Әлеуетті дамыту
- Тұрақты даму
- Жоба бағалануы және бақылануы тиіс
- Дәйектеме
- Табысқа жетудің жоғары әлеуетінің болуы
- Инновацияға және жобаны қашықтан жүзеге асыру мүмкіндігіне зейін қою (онлайн формат)
- 2023 жылғы әлеуметтік жобаларды іріктеу процесі

Орындалу мерзімі:

- 2023 ж. маусым – ҮЕҰ-ның ӘИБ-ге қатысуға қызығушылық білдіру (электрондық поштадағы ақпараттық бюллетень)
- 2023 ж. шілде – әлеуметтік жобалар бойынша ұсыныстарды сұрау және алу (электрондық пошта)
- 2023 ж. тамыз-қыркүйек-қазан –ӘИБ кеңесінде ТШО-ның іріктеу шарттары бойынша ұсыныстарды зерделеу және бағалау
- 2023 ж. қараша-желтоқсан – ішкі рұқсаттарды алу және демеушілік келісімшарттар бойынша жұмыс істеу
- 2023 ж. желтоқсан – сәтті (таңдалған) ұсыныстар туралы хабарландыру
- 2024 ж. қаңтар – жобалар мен бағдарламаларды кезең-кезеңмен қаржыландыру және орындау

2022 жылғы әлеуметтік инвестициялар жобаларының тізімі



ҮЕҰ: «Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі.
ЖОБА: Жылыой ауданында алғашқы медициналық санитариялық көмек көрсету және оған қол жеткізу қызметтерін нығайту



ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры (ОАЕК)
ЖОБА: Жылыой ауданы және Маңғыстау облысы Боранқұл ауылындағы қоғамдық кеңістіктер



ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры (ОАЕК)
ЖОБА: Атырау қаласындағы қоғамдық кеңістіктер



ҮЕҰ: «Біз де адамбыз» ҚҚ
ЖОБА: Мүгедек адамдарды тиімді оңалту



ҮЕҰ: «Атырау. Шағын ел» ҚҚ
ЖОБА: Жылқы – ең жақсы дос!



ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры (ОАЕК)
ЖОБА: Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қорымен серіктестікте «Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлік бағдарламасы



ҮЕҰ: «SEZUAL» ҚҚ
ЖОБА: Брайль қарпі бойынша электро-алфавиттік жаттықтырғыш



ҮЕҰ: Академик З. Қабдолов атындағы жеке қор
ЖОБА: Қазақша Сайра!



ҮЕҰ: «Integrity» жеке тұлғалық дамыту қоғамдық қоры
ЖОБА: Кәсіптік бағдар – саналы мамандық таңдау



ҮЕҰ: «Атырау. Шағын ел» ҚҚ
ЖОБА: Құлсары қ. иппотерапия



ҮЕҰ: «Ой-Сана» психологтардың қоғамдық бірлестігі
ЖОБА: Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім беру Монтессори орталығын ашу



ҮЕҰ: «Ынтымақ Атырау» ҮЕҰ
ЖОБА: «Ынтымақ» қоғамдастықты дамыту бағдарламасы



ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры (ОАЕК)
ЖОБА: «Алғыр» ҮЕҰ дамыту бағдарламасы




ҮЕҰ: «Petrocouncil» ЖЛҰ
ЖОБА: Пандемия кезінде кәсіпкерлерді бизнесті жүргізуді жақсарту бойынша оқыту, сондай-ақ жұмыссыздарды стартап-кәсіпкерлікке оқыту


• Демеушілік және қайырымдылық

ТШО жыл сайын Атырау облысы тұрғындарының игілігі үшін арнайы өтініштерді қолдауға қаражат бөледі. Компания негізгі қызметін Жылыой ауданында атқаратындықтан, қаражаттың қомақты бөлігі осы өңірдегі жобаларды жүзеге асыруға бағытталғанын ерекше атап өткен жөн. Олардың қатарында Құрсай өзені бойындағы тасқынға қарсы іс-шаралар, GPS қондырғыларын сыйға тарту, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандар арасында спорттық турнир ұйымдастыру бар. Сондай-ақ, Жылыой ауданының ардагерлері мен зейнеткерлері «Атырау» шипажайына екі аптаға жолдама алды.

«Теңізшевройл» кәсіпорны құрылғалы бері өскелең ұрпаққа ерекше көңіл бөліп, білім мен денсаулық сақтау саласын дамытуға, балалардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған арнайы орындар жасауға қаржы бөліп келеді. 2022 жыл Қазақстанда балалар жылы жарияланып, бірқатар тамаша жобалар іске асырылды. Мәселен, тіл мүкестігі бар балаларға арналған №3 облыстық арнайы мектеп-интернатында физика және биология кабинеттері, сондай-ақ №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында ерекше балаларға арналған сенсорлық бөлме жабдықталған.



«Игілік» бағдарламасының бюджеті 1999 – 2022 жж. (миллион АҚШ долларымен)





Ләззат Төлепова, тіл мүкістігі бар балаларға арналған №3 облыстық арнайы мектеп-интернатының директоры:

“ Биыл «Теңізшевройл» компаниясы оқытудың ерекше тәсілдерін қажет ететін балаларымыз үшін физика және биология кабинеттерін жабдықтады. Осы құрал-жабдықтардың арқасында ерекше балаларымыз зертханалық жұмыстарды жүргізіп, жануарлар мен өсімдіктер әлемін үлкен қызығушылықпен зерттеді. Бұл Теңізшевройл компаниясының мектебімізге берген алғашқы сыйы емес. Балаларымызға осындай қолдау көрсеткені үшін компанияға алғыс айтамыз. ”

Анар Каюпова, №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры:

“ Бүгінде облыстық №3 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 72 бала бар. Біздің тәрбиешілер ерекше балалармен қиын, бірақ өте маңызды оңалту жұмыстарымен айналысады. Біздің сенсорлық бөлmemіздің жабдықтары бұрыннан ескірген және толық емес еді, ал қазір ТШО-ның арқасында бізде жаңа әрі заманауи жабдықтар бар. Балалар бұл бөлмеде оқуды ұнатады. Ерекше балаларымызға қолдау көрсеткені үшін ТШО-ға алғыс айтамыз. ”

Мақсатты жобаларды жүзеге асырумен қатар, корпоративтік ерікті шаралар аясында ТШО қызметкерлерінің бастамасымен өткізілген бірқатар қайырымдылық акциялары мен бағдарламалары кезінде жиналған қаражат жетім балалар мен басқа да әлеуметтік осал санаттағы балаларды қолдауға бағытталады.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ



Адамдарды
қорғау




Өндірістік процестің
қауіпсіздігі



Қоршаған ортаны
қорғау



Биоалуантүрлілік



Экологиялық
мониторинг



АДАМДАРДЫ ҚОРҒАУ

ТШО өз жұмысында екі негізгі қағиданы басшылыққа алады: жұмысты қауіпсіз орындаңыз немесе мүлдем орындамаңыз және оны дұрыс орындауға әрдайым уақыт бар. ТШО мен серіктес компаниялардың әр қызметкері жұмысты қауіпсіз бастауды қамтамасыз етуге жауап береді. Сонымен қатар қауіпті мінез-құлық немесе соған негіз болған жағдайда кез келген жұмысты уақытша тоқтатуға немесе толығымен тоқтатуға құқылы. ТШО жұмысының қауіпсіз әдістерін басқару жөніндегі топ басқа командалармен бірге еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы басшылық қағидаттары мен рәсімдерді (ЕК) тұрақты енгізуді және қолдауды қамтамасыз етеді.

Жұмыс берушілер мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтауы – қауіпсіз еңбек мәдениетін дамыту әрі жұмысты жарақатсыз және оқиғасыз орындаудың негізі болып табылады.

ТШО еңбек гигиенасы бойынша еңбек жағдайларын бақылау үшін әртүрлі үдерістер, іс-шаралар мен жұмыс бағдарламаларын әзірледі және енгізді:

- ТШО нысандарындағы еңбек гигиенасын өндірістік бақылау бағдарламасы
- Теңізде желдету және ауаны баптау жүйелерін өндірістік бақылау бағдарламасы
- ЕҚП-36 ауыз су қауіпсіздігі
- Теңізде және Атырауда ауыз су сапасын қадағалау бойынша өнеркәсіптік бақылау бағдарламасы
- ТШО азық-түлік қауіпсіздігі стандарты
- ТШО нысандарындағы өнеркәсіптік радиациялық бақылау бағдарламасы



Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Денсаулықты сақтау, азық-түлікпен байланысты аурулардың алдын алу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге назар аудару мақсатында 2022 жылы Теңізде және Атырауда Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күніне арналған азық-түлік қауіпсіздігі апталығы аясында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды: дөңгелек үстелдер, семинарлар, спорттық іс-шаралар, байқаулар мен сұрақ-жауап ойындары, плакаттар, буклеттер, кітапшалар, ақпараттық бюллетеньдер шығару.

Еңбек қатынастары бөлімінің гигиена саласының мамандары тұрақты түрде «Дөңгелек үстел» форматында азық-түлік қауіпсіздігі бойынша онлайн кездесулер өткізеді, оларға нысан иелерінің, Теңіз және Атыраудағы азық-түлік қызметтерін көрсететін бизнес-серіктес компаниялардың өкілдері, ТШО өндірісті оңтайландыру / еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің қызметкерлері қатысады.



Теңізде және Атырауда ауыз су сапасын өндірістік бақылау

Өндірістік бақылау бағдарламасы төменде көрсетілген іс-шараларды іске асыру тәртібін белгілейді:

- Техникалық және ауыз су ретінде пайдаланылатын ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған және орталықтандырылмаған жүйелерін, ТШО нысандарындағы су тазарту ғимараттарының/су тазарту қондырғыларының пайдалануын нысан иелерінің/бизнес серіктестерінің тарапынан өндірістік бақылау.
- Суды тазарту және сумен қамтамасыз ету іс-шаралары.
- Қамту жүйесіне баратын су тазарту ғимараттарының/су тазарту қондырғыларының суды қабылдау және шығару нүктелеріндегі және суды тұтыну нүктелеріндегі (орнатылған бақылау пункттері) ауыз судың сапасы.
- Бағдарлама мыналарды айқындайды: өндірістік бақылауды орындайтын барлық қатысушыларының жауапкершілік деңгейлерін, медициналық куәландыруға, гигиеналық оқытуға және сертификаттауға жататын қызметкерлер лауазымдарының тізімін, жеке медициналық кітапшаларының міндетті болуын, бақыланатын көрсеткіштердің тізімін, сынақ өткізу әдістемесін, бақылау нүктелері мен сынамаларды алу жиілігін, төтенше жағдайларда іс-қимыл жоспарын.
- 2022 жылы «дөңгелек үстел» форматында Теңізде және Атырауда ауыз сумен қамту нысандарын пайдаланатын нысан иелерімен және бизнес серіктестермен, ТШО өндірісті оңтайландыру / еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің қызметкерлерімен бірнеше онлайн-кездесулер өткізілді.



ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Апатты жоюға арналған оқу-жаттығулар

ТШО қызметкерлердің апатты жағдайларда өз функциялары мен міндеттерін орындауға дайын екендігіне көз жеткізу үшін Азаматтық қорғау туралы ҚР заңының талаптарына сәйкес апатты тойтару бойынша жаттығулар, оқулар және оқу-жаттығу өткізеді. Төменде ТШО-ның жедел бақылауымен Теңіздің барлық нысандарында сәтті өткен оқу-жаттығулар берілген:

- Нысанның оқиға орнындағы апатты тойтару топтарының және ТШО-ның өрт және апатты тойтару тобының қатысуымен 301 апатқа қарсы оқу-жаттығу өткізілді (бекітілген кестеге қосымша тағы 4 оқу-жаттығу);
- 19 оқу-жаттығулар өткізілді, олардың барысында 2-деңгейлі апаттық жағдайды басқару топтары, оқиға орнындағы апатты тойтару тобы және өрт және апатты тойтару тобы апатты тойтару штабында қатысты.

Апатты жою бойынша оқыту

2022 жылы ТШО-ның 600-ге жуық қызметкері үшін АДЖБЖ-220 және АДЖБЖ-300 бойынша оқыту ұйымдастырылды.

Бұл оқыту сессияларының мақсаты апатты тойтару тобының жетекшілері мен апаттық жағдайды басқару тобының мүшелеріне оқиғаға қарсы бастапқы әрекет етуді дұрыс басқару және апаттық жағдайларды болдырмау және жоюды қамтамасыз ету үшін АДЖБЖ тиімді пайдалануды үйрету болды. АДЖБЖ-220 сессиялары барысында апаттық жағдайды басқару тобының мүшелері бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын көрсетуге, ұсынылған апаттық жағдайлар сценарийлері бойынша практикалық жаттығуларды орындауға, цифрлық ақпарат дисплейлерімен танысуға мүмкіндік алды. Олар апаттық жағдайларды тиімді басқаруды және қадағалауды қамтамасыз ету үшін АДЖБЖ нысандарын толтыруды, оқиға орнында қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуді, оқиға орнында әрекет ету жұмыстарын ұйымдастыруды және жүргізуді, сондай-ақ тиімді байланыс пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуді үйренді.

Осы оқыту сессияларында алынған білім мен дағдылар қызметкерлерге қауіпсіз және тиімді әдістерді қолдану арқылы жедел әрекет етуді және апаттық жағдайлар мен дағдарысты жою шараларын жүргізуге көмектеседі.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ТШО «ТШО-ның Сара Жолы» атты компанияның құндылықтарына сәйкес қоршаған ортаға барынша төмен әсер тигізетіндей қауіпсіз, сенімді, әрі жауапты жұмыс атқаруға ұмтылады. 2022 жылы ТШО парниктік газдар шығарындыларын азайту, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жер қойнауы мен жерді қорғау, қалдықтарды ұқыпты басқару және экологиялық сауаттылықты арттыру жолдарын іздеуді жалғастыра отырып, ауаны қорғауға баса назар аударды. ТШО жобалар мен іс-шараларға қомақты инвестиция салуды жалғастыруда, бұл біздің қоршаған ортаны қорғау және корпоративтік жауапкершілік саласындағы көшбасшылығымызды сақтауға деген ұстанымымыздың белгісі.

Атмосфералық ауаны қорғау

Соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде ТШО қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған шығарындыларды азайту бойынша бірнеше жобаны іске асырды. Компания технологиялық жобаларға инвестициялар және пайдалану ережелеріне өзгерістер енгізу арқылы өндірістен ауаға шығарылатын шығарындылардың қарқындылығын төмендетуді жалғастыруда. 2000 жылдан бері компания өндірілген шикі мұнайдың әрбір тоннасына шаққанда атмосфералық шығарындыларды 75%-ға азайтты.

ТШО-ның Кешенді Технологиялық Желілері (КТЖ) және Екінші Буын (ЕБЗ) зауыттарында қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін жұмыстарды жоспарлау мен орындауға қатысты бірқатар өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер жабдықтың сенімділігін арттыруға және сақтауға бағытталған. Төменде 2022 жылы жүзеге асырылған жобалардың мысалдары берілген:

- КТЖ-ның меркаптаннан айыру қондырғысында (ДМК) контакторды (F-1522) қолдануды жалғастыру ДМК қондырғысының термиялық тотықтырғыштарынан ауа шығарындыларын 50%-ға азайтуға мүмкіндік берді.
- Жанарғыларға ауа ағынын арттыруды көздейтін С-502 жанарғыларын жетілдіру жұмысы нәтижесінде КТЖ зауытының 500-қондырғысында көміртек оксид (СО) шығарындыларының көлемі азайды.



Алауларда газды жағу көлемін азайту

Алауда газды жағу жүйесі – бүкіл әлем бойынша мұнай және газ өңдеу зауыттарында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды құрылғы. ТШО жабдықта техникалық қызмет көрсету, жөндеу және іске қосу-реттеу жұмыстары кезінде немесе техникалық жаңылысудан туындаған технологиялық процестегі ақаулар кезінде алау жүйелерін пайдалануы тиіс. Алау жүйелері жабдықтың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда қызметкерлерді қорғау үшін қолданылады.

ТШО келесі шараларды жүзеге асыру арқылы 2022 жылы Теңізде алауда газды жағу көлемін азайтуға қол жеткізді:

КТЖ зауытында:


- Алауда этанды жағу жағдайларын азайту үшін бақылау құрылғыларын оңтайландыру – келетін көлемді тиімді азайту және F-703-да қысымының өсуін болдырмау үшін контроллерді оңтайландыру.
- 2022 жылғы күрделі жөндеу шеңберінде:
 - Пропанды тазарту қондырғысындағы құбырларды механикалық түрлендіру сынақтан өту кезінде пропан өндіруді жылдам жүргізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде күрделі жөндеу кезінде алауларда газ жағу азайды.
 - Жабдықты тоқтату процедураларын оңтайландыру салқындатқыш пропанды алауда жағудың орнына жүйеге қайта жіберуге мүмкіндік берді.

Екінші буын зауытында (ЕБЗ):

- Меркаптаннан ажырату қондырғысының жұмысына енгізілген өзгерістер операторларға процесті автоматтандыруға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде мүмкін болатын өндірістік өңдеу ақаулары кезінде жағылатын газдың көлемі азайды.



Алауда газды жағуды азайту, млн нм3



Парниктік газдар шығарындыларын басқару

2022 жылы ТШО көмірқышқыл газын азайту жөніндегі бастамаларын компанияның көміртекті азайту стратегиясын ілгерілету арқылы жалғастырды, ол екі негізгі бағытқа назар аударады: өндірістік тиімділік және күрделі салымдар. Өндірістік тиімділік жұмыс әдістерін өзгерту арқылы тиімділікті арттыруға және шығарындыларды азайтуға бағытталған, ал күрделі салымдар ТШО-ның өндірістік қызметінен шығарындыларды азайтуға көмектесетін ұзақ мерзімді ірі жобалар болып табылады.

ТШО көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту бойынша бірқатар жобаларды іске асырды, бұл Компания қызметіне қатысты шығарындылар көлемін азайтуға мүмкіндік берді. Екі жобаны ерекше атап өту қажет:

- Мұнай сақтау паркінде (МСП) резервуарлардағы табиғи газды азотпен алмастыру жобасын жүзеге асыру нәтижесінде МСП-дегі метан шығарындылары толықтай жоқ болады.
- Екінші буын зауытындағы электр және бу генераторларының жұмыс режимін суық ауа режимінен турбинаның пайдаланған газын қолдану режиміне ауыстыру сенімділікті арттырып, парниктік газ шығарындыларын жылына шамамен 165 000 тоннаға азайтты.

ТШО өндірістің сенімділігін сақтай отырып және Қазақстан Республикасының алдындағы міндеттемелерін орындауды жалғастыра отырып, атмосфераға шығарындыларды үнемді түрде азайту мүмкіндіктерін іздеуді әрі қарай жалғастыруда.

Су ресурстарын тиімді пайдалану

ТШО ең маңызды ресурс саналатын тұщы судың құндылығын түсінеді. ТШО магистральдық су құбырынан (МҚ) суды тұтынуды азайтуға және оны қайта пайдалану үшін тазарту тиімділігін арттыруға бағытталған суды үнемдеу бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Тұщы суды пайдалануды барынша азайту және шығарылатын ағынды сулардың көлемін азайту үшін қолданыстағы нысандарға суды қайта өңдеудің және суды қайта пайдаланудың жабық жүйелері салынып қосылды. Сонымен қатар, су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында суды үнемдеу бойынша науқандар, қызметкерлерге жадынамалар сияқты ұйымдастыру шаралары да жүргізілуде.

Теңіз кенішінде сарқын суларды тазарту нысанынан (ССТН) тазартылған тұрмыстық сарқын сулар су тазарту қондырғысына түседі, онда кері осмос технологиясы бойынша қайтадан тазартудан өтеді. Нәтижесінде алынған жоғары сапалы тазартылған су өндірістік мақсатта қолданылады. Сонымен қатар, күкірт шығару қондырғысының қайта өңделген суы да өндірістік мақсатта қайта жаратылады.

Суды тиімді басқарудың тағы бір айқын мысалы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) аясындағы құрылыс жұмыстары кезінде жер астынан тартылған суды және құбырларды, резервуарларды, аппараттар мен қазандықтарды гидравликалық сынау сияқты жұмыстардың нәтижесінде пайда болған суды қайта пайдалану болып табылады.

Сонымен қатар, жаз мезгілінде сарқын суларды тазарту нысанындағы (ССТН) сүзгілерді кері жуудан кейін қайта өңделген су вахталық елді мекендердегі жасыл алқаптарды суару үшін қайта пайдаланылады.




ТШО ақпараттық бюллетеньдер тарату және суды аз тұтынатын жабдықтарды орнату, сонымен қатар су ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік беретін есептегіштерді орнату арқылы ТШО қызметкерлері мен іскерлік серіктестер арасында суды үнемдеу және суды ұтымды пайдалану мәдениетін арттыру мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын үнемі жүргізеді.

Су тазарту процестерінде қолданылатын заманауи технологияларды енгізудің, сондай-ақ жоғарыда аталған іс-шаралардың арқасында ТШО өзінің сарқын суларының 49% өңдеп, қайта пайдаланды. Бұл Магистральдық су құбырынан алынатын тұщы суға қажеттілігімізді елеулі түрде азайтты.



Су ресурстарын ұтымды пайдалану, м3



Қалдықтарды басқарудың тиімді тәсілдемесі

«Теңізшевройл» компаниясы қалдықтарды басқару тәжірибесін әрдайым жетілдіруге тырысады. 2022 жылы ТШО компанияның өндірістік қызметі мен онымен байланысты инфрақұрылымның нәтижесінде пайда болған қалдықтардың 63 түрін басқарды және осы қалдықтардың 35-тен астам түрін компанияның өзі және үшінші тараптар қосымша өңдеуден өткізді.

ТШО өз қызметінде қалдықтардың түзілуін барынша азайту және оларды қайта өңдеу көлемін ұлғайту, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті мүмкіндіктерді дамыту, қалдықтарды басқарудың заманауи және жетілдірілген технологияларын қолдану идеяларын ілгерілету арқылы қалдықтарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етуге ұмтылады. Осы қалдықтардың түзілуін азайту және қайта өңдеу мен қайта пайдалануды арттырудың басқа мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында ТШО-ның қалдықтардың пайда болуын азайту, қайта пайдалану және қайта өңдеу бағдарламасы әзірленген болатын. Біздің өндірістік алаңдарымызда, тұрғын-үй қалашықтарында және ТШО-ның басқа да нысандарында түзілген қалдықтарды оңай жинау мақсатында қалдықтарды түзілетін орнында бөліп жинау үшін арнайы түстермен белгіленген контейнерлер орнатылған. Барлық түзілген қалдықтар жиналып, біздің өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды өңдеу «орталығы» болып табылатын Теңіз Эко Орталығына (ТЭО) жеткізіледі. ТШО мүмкіндігінше қалдықтарды екінші рет пайдалану үшін түрлі шараларды жүзеге асырады. 2022 жылы ТШО-да түзілген барлық қалдықтардың 63 %-ы қайта өңделіп, қайта пайдаланылды.





Компанияның қалдықтарды басқару форумы

2022 жылдың 20 қыркүйегінде ТШО сыртқы тараптардың қатысумен қалдықтарды басқару форумын өткізді.

Форумның негізгі мақсаты Теңіз кенішіндегі қалдықтарды басқару бойынша өтетін тендер туралы кеңінен хабарлау, сондай-ақ қазақстандық компаниялардың кең ауқымын тендерге қатысуға тарту болды. Жұмыстың айтарлықтай көлемі кең аудиторияны тартуға, ТШО және Теңіздегі қалдықтарды басқару ерекшеліктері туралы ақпаратпен бөлісуге, болжаммен салыстырғандағы қажеттіліктерді анықтауға және «Бизнеске арналған бизнес» сессиясы барысында негізгі мәселелерді шешуге бағытталды. Форум туралы толығырақ ақпаратты «Қазақстандық қамту» бөлімінен қарай аласыз.

Бүлінген жерді қалпына келтіру

Теңіз кенішіндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарын әзірлеу және жүзеге асыру кейбір топырақ бетінің тұтастығының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамасында оператордың қоршаған ортаны қорғау, жер ресурстарын жақсарту және ұтымды пайдалану бойынша шаралар қабылдауға міндетті екендігі көзделген. Сондай шаралардың бірі – бұзылған және зардап шеккен жерлерді қалпына келтіру болып табылады.

2022 жылы аяқталған маңызды кезеңдердің бірі – Кеніш аумақтарын қалпына келтіру жобасының (КАҚК) шеңберіндегі жерді қалпына келтіру. Осы жобаның нәтижесінде жалпы ауданы 1,64 га болатын сегіз жер учаскесінде қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 19 700 тонна топырақ қалдықтары әрі қарай өңдеу мақсатында ТШО бекіткен үшінші тарап нысанына жіберілді.

2022 жылға арналған КАҚК жобасы бойынша осы жұмыс көлемін сәтті жүзеге асыру ТШО-ға Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасы бойынша өз міндеттемелерін орындауға және Теңіз кен орнының экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.



Жерді қалпына келтіруге дейін:



Жерді қалпына келтіргеннен кейін:

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

Биоалуантүрлілікті қорғау және сақтау ТШО үшін тұрақты дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. ТШО жобалау, құрылыс және пайдалану сияқты жұмыстардың әртүрлі кезеңдерінде қоршаған ортаға әсердің алдын алу және барынша азайтудан әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар мен жобаларға дейін биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Бұның ішіне барлық құрылыс жұмыстарының біздің жер телімімізде жүргізілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ көлік қозғалысына белгіленген жолдармен рұқсат беру кіреді.

жағдайда құрылыс жұмыстары да тоқтатылады. Бұл бағдарламаның нәтижесінде көптеген ұядан балапандар сәтті ұшып шықты.

Әуе электр желілері құстарға, оның ішінде ерекше қорғалатын құс түрлеріне әсердің ықтимал көзі ретінде белгіленді. Бұл қауіпті азайту мақсатында ТШО әуе желілерінің құстарға әсерін бағалау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Құстарға қауіп төнген жағдайда, электр тоғының соғуын алдын алу үшін әуе желілері арнайы оқшаулағыштармен жабдықталады.



ТШО жұмыс істейтін аумақта сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы аңдар мен құстардың бірнеше түрі кездеседі. Шынында да, құстардың кейбір түрлері Теңіз аймағын ұя салу үшін пайдаланады, сондықтан ККЖ-ҰЕҚБЖ құрылыс алдындағы жұмыстардың бір бөлігі ретінде және құрылыс кезінде біз жергілікті биоалуантүрлілікке төнуі мүмкін қауіптерді түсіну және азайту мақсатында фаунаны зерттеу және бақылау жұмыстарын жүргіземіз.

ТШО ұяларды сақтау және жоба кестесіндегі кез келген кешігу қауіпін азайту үшін жұмыртқа басу маусымында ұяларды басқарудың теңдесі жоқ бағдарламасын жүзеге асырады. Құрылыс алаңында белсенді ұя табылған сәттен бастап балапандар шыққанға дейін ұя мен жұмыртқаға әсер етуді шектеу үшін қорғау шаралары қабылданады, қажет болған



Қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың жергілікті флора мен фауна туралы хабардарлығын арттыру үшін ТШО жұмыс істейтін аймақтағы флора мен фаунаның алуан түрлілігін көрсетуге арналған суреттері бар үш тілдегі нұсқаулық дайындалды.

ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында ТШО құрып кету қаупі төніп тұрған тарғақтардың (*Chettusia gregaria*) көбеюіне жағдай жасап, оны сақтауға бағытталған жобаға қолдау көрсетеді. Тарғақ халықаралық құстарды қорғау одағының тізімінде және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына құрып кету қаупі төнген құстардың тізіміне енгізілген. Қазақстанның Биоалуантүрлілікті Сақтау Қауымдастығы (ҚБСҚ) құстарды бақылау бойынша үш жылдық жобаны бастады. Олардың жобасының нәтижелері тарғақты сақтау жөніндегі халықаралық іс-қимыл жоспарын жаңартуға, сондай-ақ осы маңызды құс түрін сақтаудың Ұлттық жоспарын іске асыруға пайдаланылады.

Бекіре өсіру зауытын қолдау

ТШО 2017 жылдан бері Орал-Атырау бекіре өсіру зауытын қолдау арқылы теңіз биоалуантүрлілігін сақтау жөніндегі бағдарламаны іске асырады. Жобаның мақсаты – жабайы ортадан ауланатын ересек дарақтардың санын жыл сайын азайту және теңізге қайта жіберілетін аналықтардың санын арттыру.

Алға қойған мақсаттарға қол жеткізуде келесі жұмыстар оң өзгерістер әкелді: аналықтар мен шабақтарды сапалы жеммен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін техникалық семинарларды ұйымдастыру және өткізу, шаруашылық тоғандарында сыртқы түпті тереңдету жұмыстары үшін экскаваторды және өсіру тоғандарды оттегімен қанықтыру үшін аэраторларды және тоғандарды сыртқы тереңдету үшін экскаваторды сыйға тарту. 2022 жылы ТШО бекіре балықтары үшін судың қажетті температурасын ұстап тұру үшін тұйық су жүйесімен қамтамасыз етілген бассейндерге арналған қысқы және жазғы су салқындатқыштарын сатып алды. Сондай-ақ 2022 жылы ТШО бекіре тұқымдас балықтардың қорын табиғи ортада сақтау және қалпына келтіру үшін 50 000 бекіре тұқымдас балық шабақтарын өсіріп, Жайық өзеніне жіберу үшін бекіре өсіру зауытына демеушілік жасады.

Осындай шаралардың нәтижесінде Жайық-Атырау бекіре өсіру зауытында бекіре тұқымдас аналықтардың салмағы артты.



Тасталған торларды жинау жобасы

2017 жылы ТШО Гидробиология және экология институтының Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі тасталған торларды жинау жобасына қолдау көрсете бастады. Жоба Каспий итбалығы мен бекіре сияқты жойылып кету қаупі төнген теңіз түрлерін қорғауға бағытталған және тасталған балық аулау торларына түсудің салдарынан болатын өлімнің алдын алуға бағытталған. Жоба аясында Каспий теңізіндегі микропластиктерді және оның жабайы табиғатқа әсерін зерттеу аяқталуға жақын.

2022 жылы жүргізілген далалық жұмыстар нәтижесінде Түпқараған түбегінің солтүстік жағалауынан 387 шақырымға созылған аймақтан 3000 келіге жуық тасталған торлар мен теңізден 1800 келі қоқыс жиналды. Жоба басталғаннан бері Каспий теңізінен 878 тасталған торлар (23 500 кг) және 11 000 кг астам теңіз қалдықтары шығарылды, тасталған торлардан теңізге 53 бекіре және 15 итбалық қайта жіберілді.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ

ТШО өз қызметінің аумағында үздіксіз экологиялық мониторингтің кешенді жүйесін жүзеге асырады. Осы бағдарлама аясында қоршаған ортаға ықтимал әсерді бақылау және оның алдын алу үшін белгіленген шекті және фондық жағдайларға сәйкестігін анықтау мақсатында атмосфералық ауаның, судың және топырақтың сынамалары алынып, ТШО экологиялық зертханасында оларға талдау жүргізіледі.

ТШО экологиялық зертханасы 2016 жылы сертификациядан өтіп, пайдалануға берілді және әлемдік стандарттарға сай келетін жаңа технологиялар мен жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Өндірістік экологиялық мониторинг бойынша есептер тоқсан сайын Атырау облысы бойынша экология департаментіне бекітілген ақпараттық жүйе арқылы тапсырылады.

Атмосфералық ауа мониторингі

Атмосфералық ауа мониторингі ТШО-ның Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Атмосфералық ауаның сапасы туралы деректерді алу, компанияның өндірістік қызметінің ықтимал әсерін алдын-ала бағалау және азайту үшін үздіксіз мониторинг жүргізіледі. Атмосфералық ауа мониторингі ТШО-ға өндірістік нысандар айналасындағы аймақтарда ауа сапасына әсерді азайту немесе жою бойынша алдын алу және жеңілдету шараларын жоспарлауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ТШО өзінің қызметі аумағында және санитарлық қорғау аймағында (СҚА), сондай-ақ қызметкерлер тұратын жерлерде және Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауа мониторингінің бірнеше түрін жүзеге асырады.

Алау қондырғысы аумағының мониторингі. ТШО-ның өндірістік нысандарындағы шығарындылар көздерінің ықтимал әсерін бағалау үшін алау астында бақылау жүргізіледі.

ТШО алаулар айналасындағы келесі аймақтарда бақылау жүргізеді:

- желге қарсы батыстан басқа барлық бағыттарда зауыттардан 16 км қашықтықта 1 бекет (батыс бағытта – жолдың болуына байланысты 8-10 км)
- жел бағытында зауыттардан 0,5, 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 15 км қашықтықта 9 бекет.

СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа мониторингі. Атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау және белгіленген нормативтерді сақтау мақсатында ТШО-ның СҚА шекарасында бекітілген координаттары бар 11 жылжымалы бекет қолданылады. Үздіксіз мониторинг мынадай көрсеткіштерді бақылайды: азот қостотығы (NO₂), күкірт қостотығы (SO₂), көміртегі тотығы (CO), күкірттісутек (H₂S), көмірсутектер (CH₄), қарапайым күкірт (S). 2022 жылғы СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаның сапасын бақылау нәтижелерін талдау рұқсат етілген шекті концентрация көрсеткіштерінен аспайтынын көрсетті.

Шығарындылар көздеріндегі ауа мониторингі. ТШО сонымен қатар рұқсат етілген шектердің сақталуын бақылау мақсатында арнайы



жабдықталған сынама алу нүктелерінде шығарындылар көздеріне тұрақты мониторинг жүргізеді. Сертификатталған газталдағыштармен өлшеу жүргізген кезде көміртегі тотығының (CO), күкірт қостотығының (SO₂), азот қостотығының (NO_x) нақты концентрацияларынан басқа, шығарындылар көлемін анықтау үшін газ-ауа қоспасының ағымдағы температурасы, жылдамдығы, көлемі тіркеледі.

Қызметкерлер тұратын жерлер мен Жаңа Қаратон кентіндегі атмосфералық ауа мониторингі. ТШО-ның вахталық кентінде күн сайын 4 рет және Жаңа Қаратон кентінде апта сайын ауа сынамалары алынады. ТШО-ның өндірістік нысандары елді мекендердің атмосфералық ауа сапасына әсер етпейді.

Қоршаған ортаны бақылау станциялары. *ТШО қызметінің аумағында және СҚА шекарасында қоршаған ортаны бақылайтын 12 автоматтандырылған стационарлық қоршаған ортаны бақылау станциясы (ҚОБС) бар. ҚОБС ауадағы күкіртсутектің (H₂S), көміртегі тотығының (CO), азот тотықтарының (NO, NO₂), метанның (CH₄), күкірт қостотығының (SO₂) құрамын анықтауға арналған заманауи газ талдау жүйелерімен жабдықталған. Әрбір ҚОБС толық автоматты режимде тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді.*

ҚОБС деректерін онлайн режимде жіберу

«Атырау облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі жол картасын» іске асыру шеңберінде ТШО 2021 жылдан бастап, төрт ҚОБС-тан атмосфералық ауаның сапасы бойынша деректерді онлайн режимде беруді қамтамасыз етті.

Күкіртсутектің (H₂S), күкірт қостотығының (SO₂), көміртегі тотығының (CO), азот тотықтарының (NO, NO₂), метанның (CH₄) шоғырлануы және метеорологиялық көрсеткіштері орташаланып, 30 минут сайын «Қазгидромет» РМК-ға онлайн режимде беріледі. ҚОБС деректерін «AirKz» мобильді қолданбасы және «Қазгидромет» РМК-ның атмосфералық ауа сапасының интерактивті картасы арқылы көруге болады.

Жер асты суларының мониторингі

Сынамалар Теңіз және Королев кен орындарындағы өнеркәсіптік нысандардың қасында орналасқан 125 бақылау ұңғымасынан, сондай-ақ өндірістік нысандардан қашықтықта орнатылған 11 фондық ұңғымадан алынады. 2022 жылы ККЖ-ҰЕҚБЖ нысандарында бақылау жүргізу үшін қолданыстағы жер асты суларының мониторингтік желісі 7 бақылау ұңғымаларымен толықтырылды.

Топырақ мониторингі

Өндірістік нысандар аумағындағы топырақ жағдайын бақылауды қамтамасыз ету үшін ТШО-да 55-тен астам сынама алу нүктелері бар. Топырақ сынамаларын талдау ҚР заңнамасына сәйкес аккредиттелген зертханаларда бекітілген әдістер бойынша жүргізіледі. 2022 жылы топырақ сынамаларын талдау нәтижелері фондық концентрациядан асып кетпеді.

Сарқын сулардың мониторингі

ТШО белгіленген төгінділер шегінің сақталуын қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде сарқын сулардың мониторингін жүргізеді. Сарқын сулар тазарту құрылыстарында, буландырғыш тоғандарға және айдау ұңғымаларына жіберу алдында бақыланады. Сынамалар алу және талдаулық бақылау жиілігі бекітілген бағдарламаға және кестеге сәйкес келеді. 2022 жылы сарқын суларды айдауда асып кету болған жоқ. Булану тоғандарына ағызу кезінде белгілі бір көрсеткіштер үшін болмашы асып кету байқалды, содан соң салдарды азайту шаралары дереу қабылданды.

Қорытындылай келе, табиғи ортаның барлық құрамдас бөліктері – атмосфералық ауа, су, топырақ және т.б. – үздіксіз бақылануда. ТШО-ның қоршаған ортаның мониторингі бағдарламасы қолданыстағы экологиялық нормаларға сәйкес келеді. Мониторинг нәтижесінде алынған барлық деректер ТШО-ның Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау туралы жүйелі есептеріне енгізіледі.

Ағаш отырғызу жобасы

«Атырау облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі жол картасы» аясында ТШО Құлсары қаласында ағаш отырғызу жобасын бастады. 2022 жылдың көктемі мен күзінде қарағаш, шаған, кофе ағашы, алма, үйеңкі, айлантус сияқты көшеттерді отырғызу жұмыстары жүргізілді. Құлсары қаласының келесі аудандарында 15 гектар жерге барлығы 9030 ағаш отырғызылды: Р. Баймұқанов көшесі, Ақжар көшесі, Құлсары – Атырау тас жолы және Атырау ықшам ауданы. Компания 2022 жылдың қазан және қараша айларында тағы 3030 көшет отырғызды. ТШО Құлсары қаласындағы басқа аудандарында ағаш отырғызу мен отырғызылған ағаштарды суаруды жалғастыруда.







ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ

Жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қазақстандық тауарлар мен қызметтер нарығын одан әрі дамыту компанияның тұрақты даму стратегиясының іргетасы болып табылады және Қазақстан Республикасы үшін айтарлықтай пайда әкеледі. ТШО компания қазақстандық қамту бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге ұзақ мерзімді мүмкіндіктер жасау керек деп санайды. Біздің компания инфрақұрылымға, қазақстандық жұмыс күшін оқытуға және жұмыс орындарын құруға тиісті инвестицияларды ынталандыру арқылы қазақстандық жеткізушілердің тұрақты дамуына қолдау көрсетуді жалғастырады.

2022 жылы ТШО қазақстандық тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге 3,7 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.



ТШО-да әлеуетті бизнес серіктестерді анықтау үшін Қамтушының қызығушылығын білдіруі (SEOI) порталын қолданатын әділ және ашық келісімшарттар процесі бар. ТШО барлық мүдделі тұлғаларды қазіргі және болашақ мүмкіндіктер үшін SEOI порталында тіркелуге шақырады. Бұдан басқа, ашықтықты қамтамасыз ету үшін және нарық ТШО-ның әлеуетті мүмкіндіктері туралы хабардар болуы үшін ТШО өзінің сыртқы веб-сайтында жыл сайынғы келісімшарттар мен сатып алулардың жоспарын жариялайды.

ТШО-мен жұмыс жасау үшін сенімділік пен айқындық орнату үшін компания әрқашан да нарықпен диалогқа ашық, сондықтан біз компанияның болашақ стратегиялық қажеттіліктері үшін өнімдер мен қызметтерге қатысты әртүрлі бизнес секторларында серіктестік мүмкіндіктерін іздеу мақсатында жергілікті бизнес-қоғамдастықтың өкілдерімен форумдар, дөңгелек үстелдер және семинарлар өткіземіз. Кездесулер шеңберінде ТШО техникалық ерекшеліктерімен және талаптарымен бөліседі. Кәсіпорынның түрлі бөлімдері өкілдерінің және техникалық мамандардың қатысымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырады.

ТШО сенімді қауіпсіздік мәдениеті, оңды жұмыс тәжірибесі, шығындарды тиімді басқару дағдысы, сондай-ақ сапалы өнімдері мен бәсекеге қабілетті бағалар мен инновациялық бизнес шешімдері бар тұтынушыға негізделген қамтушылармен берік іскерлік қатынасты қолдауға және дамытуға ұмтылады. Теңіз - күрделі кен орны, сондықтан тиімді басқаруды қамтамасыз етуде өзімізге де, іскер серіктестерімізге де жоғары талап қоямыз. Біздің жұмысымыз күллі Қазақстан бойынша ондаған мың адамның өміріне, сондай-ақ қауіпсіз әрі қолжетімді қуат көздеріне сүйенетін әлемдегі барша тұтынушыларымыздың өміріне әсер етеді.

Жергілікті жерден сатып алу және қамтушыларды дамыту

ТШО-ның жергілікті қамтуды қолдау бағдарламалары қазақстандық бизнесті тұрақты, әрі байыпты түрде дамытуға бағытталған. Отандық қамтушыларға инвестиция жергілікті экономиканың

дамуына ғана ықпал етіп қоймайды, компаниямыздың өндірістік қажеттіліктерін қанағаттандыруға да көмектеседі. ТШО компаниясы қазақстандық қамту (ҚҚ) бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін жергілікті тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге ұзақ мерзімді мүмкіндіктер жасау керек деп санайды. 2022 жылы ТШО-ның қазақстандық тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге жұмсаған шығыны 5,3 миллиард АҚШ долларын құраған жалпы шығындардың 3,7 миллиард АҚШ долларына (немесе 70% ҚҚ) жетті.

ТШО-ның Қазақстан Республикасының экономикасына қосқан үлесі 2022 жылы ТШО-ның облыстар бойынша ҚҚ шығындары (млн. АҚШ доллары)



Қазақстан аймақтарына ықпалы

ТШО қызметі негізінен Қазақстанның батысында шоғырланса да, компания елдің барлық аймақтарындағы жеткізушілермен жұмыс істейді. Бұған Ақтаудан алынған мұнай өнеркәсібіне арналған шегендеу құбырлары (OCTG), Шымкенттен келген майлау материалдары және Петропавлдан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдықты сатып алу, жылыту, желдету және ауаны баптау бойынша қызметтер (ЖЖАБЖ) және Тараздан құбыржолдар салу бойынша қызметтер, Батыс Қазақстан облысынан жабдықтарды жалға алу, Ақтөбе облысынан құрылыс материалдары мен жолаушылар теміржол тасымалдары, сондай-ақ Астана қаласынан құбыржолдар көлігі мен теміржол жүк тасымалы қызметтері дәлел.

ТШО Қазақстан аумағынан әлеуетті қамтушыларды анықтау мақсатында бизнес қоғамдастықтармен және Petrocouncil, KazService және Қазақстан машина жасаушылар одағы сияқты түрлі қауымдастықтармен және барлық облыс әкімдіктермен ұдайы байланыста.

ТШО-ның қамтушыларды дамыту бағдарламасы

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясының негізгі аспектісі мұнай-газ саласында бизнес жүргізу үшін сәйкес келуге тиіс халықаралық сапа мен қауіпсіздік стандарттарын түсіну үшін қазіргі және әлеуетті қамтушылармен жұмыс істеу болып табылады. ТШО-ның қамтушыларды дамытудың тексерілген тиімді бағдарламасы бар, ол арқылы ТШО-ның қамтушылар базасына жаңа қамтушылар енгізіліп тұрады. ТШО-ның қамтушыларды дамыту бағдарламасының мақсаты - қамтушылардың қазіргі мүмкіндіктері мен тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қойылатын ТШО талаптары арасындағы белгілі бір сәйкессіздіктерді жою арқылы қазақстандық қамтушылардың біліктілігін арттыру.

ТШО-ның қамтушыларды дамыту бағдарламасы үш негізгі бағыттан тұрады:

- 1 қамтушыларды дамытудың ішкі бағдарламасы
- 2 Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕКДБ) біріккен сыртқы бағдарлама
- 3 машина жасауды дамыту халықаралық орталығымен (IMBC) ынтымақтастық



Қамтушыларды дамытудың ішкі бағдарламасы

ТШО-ның ішкі бағдарламасы бойынша компания техникалық сарапшыларымен бірге бизнес қажеттіліктеріне талдау жүргізеді, алдағы сатып алулар мен жобалық қажеттіліктерді, сондай-ақ әлеуетті жергілікті өндірушілерді зерттейді. Бұл жергілікті өндірушілерді одан әрі тарту үшін жіктеп, сынақ тапсырыстарына енгізетін «мақсатты өнімдердің» тізімін жасауға алып келді.

2022 жылы ТШО келесі санаттар бойынша 21-ден астам өнім мен қызметтерді әзірледі:

- қауіпсіздік құралдары (өрт сөндіргіш, өрт сөндіру көлігі, өрт жабындысы, қолғап).
- электр жабдықтары (кабельдік науалар, тарату қораптары, төмен вольтты кабель, электр қосалқы станциясы).
- бұрғылау материалдары (бұрғылау қашауларын жеткізу және жөндеу).
- Құрылыс жұмыстары (металл өнімдері).
- ТҚКЖЖ- (жіксіз құбырлар, шарикті клапандар, шпилькелер мен болттар, құбыр фланецтері мен фитингтері).
- Темір жол материалдары (шпалдар).

ТШО-ЕҚДБ қамтушыларды дамыту бағдарламасы

ШОБ-тың дамуын қолдау және қазақстандық жеткізушілерді нығайту үшін ТШО Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) бірге ТШО/ЕҚДБ қамтушыларды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жұмыс істейді. Бағдарлама ықтимал қамтушыларға сапа менеджменті жүйелері (ISO), сапаны сертификаттау, қаржылық және басқару ақпараттық жүйелері сияқты салаларда мүмкіндіктерін арттыру үшін әртүрлі консалтингтік қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қамтушыларды дамыту бағдарламасы ұсынатын жеке консалтингтік жобалар және топтық салалық семинарлар арқылы әлеуетті арттыру түріндегі кешенді қолдау ТШО және мұнай-газ саласындағы басқа компаниялар үшін жергілікті қамтуды арттырудың маңызды факторы болып табылады.

2022 жылдың соңында 50-ден астам консалтингтік-кеңес беру жобалары басталып, бүгінде 29 жоба сәтті аяқталды. Сонымен қатар, жыл сайын жергілікті компаниялардың 200-ден астам өкілі курстардан өтеді.

Аяқталған 29 жобаны бағалау нәтижесінде көмек алған компаниялардың 76%-ы тауар айналымын 54%-ға арттырған. Кәсіпорындардың 62%-ға жуығы жұмысшылар санын 12%-ға арттырды, 456 жаңа жұмыс орны ашылды. Оған қоса компаниялардың 55%-ы әйел қызметкерлер санының орта есеппен 23%-ға өскенін немесе жаңадан 124 әйел қызметкерлер жұмысқа алынғанын хабарла-





ды. Компаниялардың 66%-ы өнімділікті орта есеппен 13%-ға арттырды, ал компаниялардың 14%-ы экспорттың өскенін хабарлады.

Машина жасауды дамыту халықаралық орталығы (IMBC)

«Машина жасауды дамыту халықаралық орталығы» заңды тұлғалар бірлестігі (IMBC) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен 2021 жылы Қазақстан Республикасының ірі мұнай-газ кен орындарының ірі мұнай-газ операторларының көмегімен құрылды, атап айтқанда ТШО, NSOC, КРО, олар IMBC жалғыз мүшелері болып табылады. IMBC мақсаты қазақстандық мұнай-газ өнімдерінің өндірісін дамытуға жәрдемдесу және ірі операторлардың тауарларды сатып алуындағы жергілікті қамтуды арттыру.

Операторлар IMBC-ке болжамды қажеттіліктер туралы жалпы деректерді жинауды, қажеттіліктердегі синергияны анықтау және оларды талдау үшін біріктіруді, жергілікті өндірушілерді жіктеуді және нарықтың қолжетімділігі мен дайындығына қарай өздерінің ағымдағы және болашақ жобалары үшін елде оқшаулау мүмкіндіктерін ұсынуды тапсырды.

2022 жылы IMBC талдау жүргізіп, одан әрі дамыту үшін өнімдерді анықтады. Нәтижесінде 190-нан астам тауар өндіруші анықталып, олардың 38-і өндірістік қуаттарды дамыту үшін іріктеуден өтті. 2023 жылы IMBC өндірушілердің мүмкіндіктерін дамытуды жалғастырады.

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасындағы қазақстандық қамту

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасы аяқталуға жақындаған шақта да, ТШО жергілікті қамту көрсеткіштерін барынша арттыруға бағытталған барлық жұмыстарда қазақстандық инжинирингтік компанияларды, жобалау институттарын, жеткізушілерді, өндірушілерді, құрылыс саласындағы мердігерлерді және еңбек ресурстарын тарту мүмкіндіктерін қарастырып, жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көлемін арттыруға белсенді түрде атсалысып келеді. 2022 жылы ТШО тек ККЖ-ҰЕҚБЖ шеңберінде қазақстандық қамтушылардан 3.6 миллиард АҚШ долларына тауарлар мен қызметтерді сатып алды. Жоба 2022 жылы жоспарланған 32% ҚҚ көрсеткішінен асып, болжанған 40% мақсатқа жетіп, тамаша нәтижелерді көрсетті.

ККЖ - ҰЕҚБЖ жобасындағы оқыту және біліктілікті арттыру

ККЖ -ҰЕҚБЖ кадрларды оқыту жөніндегі бөлімінің мақсаты - Қазақстанның мұнай-газ саласында сұранысқа ие білікті жұмыс күшінің қолжетімділігін арттыру. Жоба Қазақстан бойынша болашақ жобалар үшін инженерлік, құрылыс саласындағы және басқа да техникалық кәсіптер дағдыларын мәңгілік мұра етіп қалдыруды көздейді. ККЖ-ҰЕҚБЖ оқыту және дамыту бөлімі 2019-2022 жылдар аралығында Маңғыстау облысында 9 негізгі оқыту кезеңін және сондай-ақ Атырау облысында 7 негізгі оқыту кезеңін, 4 арнайы оқыту кезеңін ұйымдастырды. 2022 жылы ККЖ-ҰЕҚБЖ жұмыс күшін оқыту сәтті аяқталды, 5 400 адам бағаланды және 12 000-ға жуық адам оқытылды. Осы іс-шаралардың нәтижесінде жоба 32 000-нан астам бағалауды және шамамен 27 500 оқу сессиясын өткізді, бұл саладағы сирек жетістік болып табылады.

Үміткерлер құрылымдық дәнекерлеуші, құбыр дәнекерлеушісі, құбыр маманы, темір құрастырмаларды монтаждаушысы, құрылысшы, электрик, аспап жөндеуші, құрылысшы, құм себуші, сырлаушы және оқшаулағыш сияқты 11 пәннің бірі бойынша білім алады. Курстың ұзақтығы екі айдан төрт айға дейін - таңдалған пәнге байланысты. Оқыту кезеңдерге бөлінеді және оны аттестацияланған ККЖ-ҰЕҚБЖ оқу орталықтары жүргізед: Ақтау оқу орталығы (қосалқы мердігер – өндірістік зертханалық оқу орталығы) және АРЕС PetroTechnic Жоғары колледжі.

2022 жылғы ТШО-ның цифрлық хакатоны және форумы

Іс-шараның негізгі мақсаты инновациялық жергілікті ІТ компанияларымен серіктестікті жетілдіру арқылы ТШО-ның цифрлық трансформациясын алға жылжыту. ТШО инновациялық идеяларға ашық және біз бүгінгі және болашақта кездесетін қиындықтарды жеңу үшін тиімді әрі пайдаланушыға ыңғайлы шешімдер қабылдауға ұмтыламыз. ТШО-ның цифрландырудағы негізгі мақсаты – компанияның әлемдегі ең қауіпсіз, ең тиімді және табысты мұнай-газ кәсіпорны болу идеясын жүзеге асыру үшін ТШО қызметкерлерін уақытылы, нақты ақпаратпен және сенімді цифрлық құралдармен қамтамасыз ету.

ТШО-ның 2022 жылғы цифрлық хакатоны және форумында әртүрлі саладан көптеген қонақтар қатысты: үкімет өкілдері, ТШО серіктестері, БАҚ, ІТ компаниялары және басқа да мұнай-газ компанияларының өкілдері. Бұл іс-шара жергілікті цифрлық қызмет провайдерлері үшін өз мүмкіндіктерін көрсетуге, тәжірибе алмасуға және желі құру үшін тамаша мүмкіндік болды. Хакатонға SCM-де материалды қадағалау процесі үшін цифрлық шешім табу ұсынылған 26 жергілікті ІТ компания қатысты. Бұл процестерді цифрландыру қол еңбегін және бақылау бекеттеріндегі кезектерді азайту арқылы өнімділікті арттырады және қауіптілігі жоғары материалдарды (HSRM) орнатуға, жоюға немесе қайтаруға дейін қадағалауға мүмкіндік беру арқылы қауіпсіздікті жақсартады. Үш жеңімпаз іріктеліп, олар жүлде ретінде ТШО-мен алты айлық сынақ келісімшартына ие болды.

ТШО цифрлық таланттарды дамыту және тәрбиелеу арқылы Қазақстан Республикасындағы цифрлық мүмкіндіктерді қолдау қабілетті жұмыс күшінің дамуына ықпал етеді деп санайды.

2022 жылғы ТШО қалдықтарды басқару форумы

ТШО сенім және қалай жұмыс істеу керектігі туралы түсінікті қалыптастыру үшін нарықпен диалогқа әрдайым ашық. Өнеркәсіптік іс-шаралар барысында біз қазақстандық қамтушылармен кездесіп, оларға ТШО жеткізушісі болудың негізгі үрдістері мен талаптарын түсіндіреміз. Осындай іс-шараның бірі - 2022 жылғы ТШО қалдықтарды басқару форумы. Форумның мақсаты қалдықтарды өңдеу бойынша өтетін тендер туралы хабарлау және қазақстандық компаниялардың ТШО-мен бизнес мүмкіндіктеріне қызығушылықты арттыру болды.

ТШО қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады. ТШО-ның барлық нысандары мен өндіріс орындары пластик, қағаз, шыны, металл сияқты қоқыстарды сұрыптауға арналған арнайы түрлі-түсті контейнерлермен жабдықталған. ТШО ықтимал қамтушылар нарығын үнемі қадағалап, қоқыс шығарудың қолжетімді әдістерін зерттеп отырады. ТШО орнықты дамуға белсенді ықпал ететін тұрақты жергілікті компаниялар экономикаға, қоғамға және елге пайдасын тигізеді деп санайды. ТШО қалдықтарды тиімді басқару бұл салада бұдан да маңызды көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді және ҚР Үкіметі белгілеген «жасыл» қағидаттарды жүзеге асыруға елеулі үлес қосады деп есептейді.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ ТРАТЕГИЯСЫ



Қызметкерлерді
дамыту және
оқыту



Қызметкерлердің
түрлілігі мен
компания қызметіне
қатысушылығы



Әлеуметтік
пакет



Цифрлық
мәдениет





ТШО-ның кадрлар стратегиясы «оңды нәтижелерге қол жеткізе білетін біліктілігі жоғары қызметкерлерді дамыту және олардың мүмкіндіктерін арттыруға инвестиция салумен түйінделеді».

ТШО-ның басымдықтары:

- Бизнес қажеттілігі үшін қысқа және ұзақ мерзімді кадрлық стратегияны жоспарлады қамтамасыз ету. Бұл процесте басты назар – қазақстандық азаматтарды жұмысқа қабылдау мен дамытуға аударылады.
- Болашаққа керек қабілет пен дағдыларды ұдайы дамыта отырып, талантты кадрларды ұстап қалуға және дамытуға көмектесетін, өзара байланыс пен ұжымдық рухты қолдауға ықпал ететін қызметкерлер мен таланттарды басқару стратегиясын енгізу.
- Қызметкер тәжірибесін және әлеуметтік жағдайын арттыру.
- Көшбасшылық қабілетті дамыту және сабақтастыққа қатысты жоспарларды басқару.
- Әр алуандылықты және ортақтастықты қалыптастыруға ынталандыру. ТШО компанияны табысқа жетелеу үшін әрбір адамның талантының, тәжірибесі мен идеяларының өзгеше болуына арқа сүйейді.
- «ТШО-ның сара жолы» құжатына сәйкес, біртұтас ТШО мәдениетін қалыптастыру. Ортақ мақсатқа, топтық жұмысқа, құрмет-

ке және кері байланысқа, ортақтастыруға, сенім мен мүмкіндіктерді кеңейтуге негізделген мәдениет – әр қызметкердің өз әлеуетін толық ашуына, әрі салада таңдаулы болуына қажет.

Кадр стратегиясын жүзеге асыруды төмендегі негізі пункттер анықтайды.

Ресурстарды жоспарлау стратегиясы – тиісті рөлдерге сай, қажетті дағдылар мен құзыреттерге ие адамдардың қажетті санын және экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету.

- ТШО бизнес стратегияларын орындау, олқылықтарды және олардың сандық мөлшерін анықтау және іс-әрекеттерге басымдық беру үшін қажет қазіргі және болашақ талант иелерін және аса маңызды/негізгі құзыреттерді анықтайды.
- Қазіргі және ұзақ мерзімді іскерлік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті білім, дағдылар мен мінез-құлыққа ие немесе талант иелерін тарту, оларды дамыту және ұстап қалуға бағытталған тұтас және стратегиялық тәсіл жасақтап, енгізді.
- ТШО-ның жұмысқа қабылдау процесі озық технологиялар пайдаланылу арқылы ашық жүргізіледі. Біз барлық ықтимал үміткерлердің өтініш беруге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бос орындары-





мызды жариялау үшін сыртқы веб-сайтты пайдаланамыз. Біз тек тәжірибелі мамандарды ғана емес, сонымен қатар компанияның қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары оқу орындарының талантты түлектерін де жұмысқа қабылдаймыз.

Қызметкерлерді дамыту

Оқыту және дамыту бағдарламалары - ТШО жеке және топтық тиімділікті арттыру үшін, оқыту мен дамыту бағытындағы анағұрлым тиімді шараларды жүзеге асырады.

ТШО жаңадан қабылданған қызметкерлердің қысқа мерзімде жұмысты тиімді атқаруына қол жеткізулерін қамтамасыз ету үшін компания мен агенттіктердің қызметкерлеріне міндетті «Қызметкерлерді бейімдеу» бағдарламасын енгізді.

Техникалық және кәсіби біліктілікті дамытуды жеделдетуде «Horizons» бағдарламасы техникалық мұнай функцияларын табысты қолданауда, ал қосалқы функциялар осы бөлімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын арнайы бағдарламалармен қамтылған. «Horizons» бағдарламасы техникалық оқыту, тәлімгерлік, лауазымдық тағайындалулар мен құзыреттілікті бағалаудан тұрады, бұлардың әрқайсысы бірін-бірі нығайтады.

Жоғары құзыретті жұмыс күшін дамыту мен қолдаудың басты элементтерінің бірі – Көшбасшылықты дамыту бағдарламасы. Бағдарлама «We Lead» құзыреттілік моделіне негізделген және әртүрлі ұйымдық деңгейлерге арналған оқу бағдарламаларын, тәлімгерлік, коучинг қызметтерін және Жаңа Басшының сіңісуі үдерісін және 360 кері байланысты қамтиды.

Тіл үйрету курстары (қазақ және ағылшын тілдері) ТШО қызметкерлерін оқыту және дамыту бағдарламаларының ажырамас бөлігі болып табылады, бұл жұмыс орнында қарым-қатынасты тиімді жүргізу және жергілікті және әлемдік деңгейде бизнес жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2022 жылы оқыту және дамыту бағдарламаларының портфолиосы қызметкерлерімізді үнемі өзгеріп отыратын және болжауға болмайтын әлемнің жаңа сын-қатерлеріне дайындауға көмектесетін бірегей адам дағдыларын дамытуға бағытталған серпінді оқыту бағдарламасы – ТШО Мета дағдылар жүйесімен кеңейтілді.

Сабақтастықты жоспарлау және кадрларды ұлттандыру

ТШО кез келген уақытта компания негізгі көшбасшылық және техникалық позицияларға қол жеткізуге қажетті қабілеті, білімі, дағдылары, көшбасшылық мінез-құлқы мен тәжірибесі бар «мықты резервтік әлеуетке» ие болуды қамтамасыз ету үшін стратегиялық бағдарламалар мен процестерді жүзеге асырады. 2007 жылдан бері ТШО-ның 430 отандық кадр жоғары, орта буын басшылық пен негізгі инженерлік лауазымдардағы шетелдіктерді алмастырды.

Кадрларды дамыту үшін оларды халықаралық деңгейдегі және мемлекет аумағындағы қызметтерге уақытша тағайындау жүзеге асырылады. Компания талантты қызметкерлерге ТШО-ның серіктестік ұйымдарында, көбінесе

Компания қызметкерлерінің қауіпсіздігіне аса жоғары басымдық береді. ТШО мен мердігер ұйымдардың барлық қызметкері жұмысты жарақатсыз немесе жазатайым оқиғасыз орындау үшін міндетті түрде қауіпсіздік техникасы сабақтарынан өтеді.

Шевронда жұмыс тәжірибесінен өту мүмкіндігін береді, тағайындалғандардың түрлі тәжірибелермен танысуын және бірегей құзыреттердің дамуын, халықаралық стандарттарды, технологияларды және озық тәжірибелерді меңгеруін қамтамасыз етеді. Халықаралық деңгейдегі және мемлекет аумағындағы қызметтерге уақытша тағайындау сабақтастықты жоспарлау және ұлттандыру сияқты процестерге қолдау көрсетеді. 1999 жылдан бері ТШО-ның 360 ұлттық қызметкері халықаралық және мемлекет аумағындағы компанияларға уақытша қызметке тағайындалды.

Мансаптық дамуды жоспарлау – ТШО көшбасшылық пен техникалық құзыретті дамытуды жеделдету үшін қызметкерлерге мансаптық өсудің тиімді мүмкіндіктерін ұсынады, олар жоғары әлеуетті қызметкерлерге, болашақ көшбасшыларға және ізбасарларға арналған мақсатты/нақты тапсырмаларды басқару және орындауды қамтиды, сондай-ақ ТШО таланттары қорына және олардың мансаптық даму жоспарларына сәйкес ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін үнемі шолу жасап, талқылаулар жүргізеді.

Сонымен қатар, компания өз қызметкерлерінің білім алуына қаржы бөледі, олардың магистрлік және докторлық бағдарламаларды меңгеруіне қаржылай көмек көрсетеді. Жалпы, 2008 жылдан бері компания ұлттық қызметкерлерді дамытуға 93 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлді.

Әлеуметтік пакет

Таланттарды ұстау стратегиясы – дарынды қызметкерлерді тарту, ынталандыру және олардың компаниядан кетпеулері үшін ТШО лайықты әлеуметтік жеңілдіктер мен даму мүмкіндіктерінің сенімді әлеуметтік пакетін ұсынады, таланттарды басқару және денсаулықты жақсарту стратегияларын жүзеге асырады, сондай-ақ әр алуандылық пен инклюзияны, адалдықты, сенім мен топтық жұмысты дамытатын ұйымдық мәдениетті қолдайды.

ТШО-ның сыйақы жүйесі бірлік, сенімділік, бәсекеге қабілеттілік қағидаларына негізделген және жеке көрсеткіштерді арттыруға ықпал етеді (ҚҚБ нәтижелері бойынша төлемақы).

Қызметкерлерді ынталандыруға, жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған жүйе сыйақы төлемдерінен тұрады. Сонымен қатар, кәсіпорында қызметкерлерге ақылы әлеуметтік еңбек демалысын беру, жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу және т.б бірқатар қосымша жеңілдіктер жасау қарастырылған.

ТШО-ның еңбекті бағалау және марапаттау (R&A) бағдарламасы

ТШО R&A бағдарламасы ақшалай және ақшалай емес сыйақыларды қамтиды. ТШО-ның еңбекті бағалау және марапаттау бағдарламасы қызметкерлердің оңды мінез-құлқын қолдауға, компания табысына қосқан елеулі үлесін бағалауға бағытталған. Жұмыстың жақсы атқарылғанын мойындап, ол үшін алғыс білдіру, қызметкердің еңбегі бағаланғанын білдіру табыстың көбеюіне және қолайлы жұмыс жағдайының орнауына оң ықпал етеді. ТШО-ның адам ресурстарының басқару бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету порталында (SAP) ақшалай және ақшалай емес сыйақыларға қатысты бизнес-процестер автоматтандырылды, бұл бағдарламаға цифрлық мүмкіндіктер береді және қызметкерлердің өнімділігін арттырады.

Медициналық сақтандыру

ТШО Қазақстан Республикасы заңдылығына сәйкес, қызметкерлерді міндетті сақтандырумен қамтамасыз етеді. Қазақстандағы ТШО қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыруды Қазақстан Республикасының сақтандыру компаниялары жүзеге асырады.

Салауатты өмір салты және спорттық бағдарламалар

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ТШО-ның барлық қызметкерлері фитнес және сауықтыру орталықтарының қызметтерін



пайдалана алады. Бұған қоса, «Кемел» тобы басқаратын ішкі сауықтыру бағдарламасы қызметкерлерге денсаулығын нығайтып, жақсы көңіл-күй сыйлауға көмектеседі. Кемел – қазақ тілінде «кемелдікке/мінсіздікке ұмтылу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама үш аспектіден тұрады: салауатты өмір салты, белсенді өмір, бос уақыт.

Өткен жылдан бері Кемел тобы 14 000-нан астам қатысушыны қамтитын түрлі шаралар мен турнирлер өткізді. Олардың қатарында Кемел фитнес шаралары, турнирлер және жарыстар (теннис, стритбол, жүзу, шахмат, т.б.), 10 000 қадам жарысы, 300 Ккал бағдарламасы, Кемелмен заряд алу, 800 тамақтану, салмақты басқару бағдарламасы, сауықтыру вебинарлары, денсаулық күндері, арт-терапия, караоке, Наурыз мерекесіне арналған концерттер, Мұнайшылар күні бар.

Медициналық қызметтер

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін компания қызметкерлері Теңіз кеніші аумағында орналасқан медициналық емхананың қызметін пайдалана алады. Клиника заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған.

Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау бағдарламасы

Бағдарлама шеңберінде жыл сайын қызметкерлерге ТШО-да еңбек еткен жылдарына (5 жыл және одан да көп) орай, «Еңбек сіңірген жылдары үшін сыйақысы» мен ТШО эмблема-

сы бейнеленген төсбелгі тапсырылады. 2022 жылы аталған бағдарламаға ТШО-ның 720 қызметкері қатысты.

Тұрғын үй несиесін алуға ықпал ету бағдарламасы

ТШО көп жылдардан бері тұрғын үй сатып алу және тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында пайызсыз несие беру арқылы тұрғын үй несиесін алуға ықпал ету бағдарламасын жүзеге асырып келеді. 2022 жылы 208 қызметкерге үй несиесі берілді.

ТШО қызметкерлерінің балаларына арналған «Мирас-Атырау» балалар бақшасы

ТШО 2014 жылы Атырауда тұратын ТШО қызметкерлерінің балаларын балабақшамен қамтамасыз ету үшін «Мирас-Атырау» балалар бақшасының құрылысын қаржыландырды. Балалар бақшасының оқу бағдарламасы Нұрсұлтан Назарбаев білім беру қорының жаңа бағдарламалары мен әдістемелері бойынша әзірленген.

«Жас Ұрпақ» бағдарламасы

Бағдарлама компания қызметкерлерінің балаларына ұлттық және шетелдік университеттер мен колледждерде жоғары білім алуына қаржылай көмек көрсетуге бағытталған.

ТШО 1998 жылдан бері жоғары білім алушыларға көмек ретінде 7,6 миллион АҚШ долларын жұмсады. 2022-2023 академиялық жылында бағдарламаға 78 студент қатысты.

Балалар демалысы бағдарламасы бойынша шығынды ішінара өтеу

ТШО қызметкерлерінің балаларымен демалыс шығындарын өтейді.

Қызметкерлердің алуан түрлілігі және ортақтастыру

ТШО үшін қызметкерлерінің алуан түрлілік пен ортақтастыққа ұмтылуы, серіктестік, біртұтастық пен сенімділік танытуы, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуі және адамдар мен қоршаған ортаны қорғауға ұмтылуы маңызды. Сондықтан қызметкердің жыл сайынғы еңбек көрсеткіштерін олардың нәтижелерге қалай қол жеткізгендеріне және жыл бойы қандай мінез-құлық үлгілерін көрсеткеніне ерекше көңіл бөлінеді.

ТШО-да көпұлтты қызметкерлер жұмыс істейді және біз халқымыздың мәдениеттерінің бірегейлігі мен алуан түрлілігін құрметтейтін және олардың жеке дарындарын, идеяларын



мен үлестерін бағалайтын инклюзивті жұмыс ортамызды мақтан тұтамыз. Алуан түрлілік пен ортақтастыру «ТШО-ның сара жолындағы» негізгі құндылықтар болып табылады және де біз әрбір қызметкеріміздің тәжірибесі, ұлты, этникалық құрамы, жынысы, жасы, білімі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы, діни және саяси көзқарастары мен жеке басының ерекшеліктері арқылы жұмыс орнына орасан зор құндылық әкеледі деп санаймыз.

Қызметкерлер қоғамдастықтары

Қызметкерлердің қызығушылықтар бойынша қоғамдастығы - мәдени өзгешеліктер қоғамдастығы, әр жастағы қызметкерлерді біріктіретін XYZ қоғамдастығы және Әйелдер қоғамдастығы (WEN). Мәселен, мәдени өзгешеліктер қоғамдастығы алуан түрлі мәдениеттер арасындағы мәдени ортақтастықпен үйлесім ортасын қалыптастырады, айырмашылықтарымызды түсініп, құрметтей отырып, ортақ тұстарымызды айқындауға ықпал етеді. XYZ қоғамдастығының Атырау бөлімшесі 2013 жылы құрылды, құрамы ТШО мен Шеврон құбыр зауытының қызметкерлерінен тұрады. Қазіргі уақытта XYZ Атырау бөлімшесінде 700-ден астам мүше бар. XYZ қауымдастығының миссиясы - ұрпақтарды байланыстыру, әріптестермен тәжірибе және идеялармен алмасу үшін платформа қалыптастыру, бизнес үдерістерді меңгеру және жаңашыл идеяларды ұсыну. Әйелдер қоғамдастығы (WEN) 2013 жылы құрылды, мақсаты - әйелдер қауымының жұмыс орнында кездесетін қиындықтары мен мүмкіндіктері туралы қоғамның хабардарлығын арттыру арқылы қызметкерлердің мүмкіндігін ұлғайтып, шабыттандыру және дамыту.

2022 жылы «Қызметкерлер қоғамдастықтары» ТШО қызметкерлері мен қоғамдастықтың әл-ауқатын қолдау және әртүрлілік пен инклюзияны ілгерілету мақсатында түрлі іс-шаралар өткізді. Ең маңызды оқиғалардың қатарында ТШО басшылығымен «Әр алуандылық және инклюзия» тақырыбындағы кофе-брейк, ден-



саулық туралы ақпаратын арттыруға және топ құруға бағытталған 5K Run and Walk іс-шарасы; Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған Атырау облыстық мектеп-интернатын қолдау үшін қаражат жинау, ұлттық және жаһандық саясат, ТШО-ның қазіргі көміртегі профилі және болашақ күш-жігері туралы көбірек білу үшін ШОБ субъектілерімен стенд сессиясы және мәдени контексте әйелдердің кәсіби дамуы мен тұлғалық өсуі, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мансаптық және гендерлік рөлдерді теңгерімдеу, жалақыдағы айырмашылық және басқа да маңызды мәселелерді шешуге бағытталған NCOS компаниясымен бірге «Энергетикадағы әйелдер – шекараны ілгерілету» форумы» ұйымдастырылды.

Бұған қоса, ТШО қоғамдастықтарының мақсаты - қызметкерлердің өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, тәжірибе алмасу, кәсіби даму, қайырымдылық шаралары мен басқа да іс-шаралар арқылы компания мәдениетіне, сонымен қатар жергілікті қоғамға пайда келтіру!

Цифрландыру мәдениеті

Сандық ұйымдық мүмкіндіктер жоспары аясында жүзеге асырылатын маңызды бастамалардың бірі – Digital Scholar бағдарламасы болып табылады. Ол Массачусетс технологиялық институтымен (МТИ) және Райс университетімен жобалау, басқару және цифрлық технологияға негізделген бір жылдық магистрлік бағдарлама. Бағдарлама біздің қызметкерлерге тереңдетілген оқу бағдарламасын меңгеруге және цифрлық құралдар мен концепциялар кеңінен қолданылатын салада жұмыс істеуге көмектесу үшін жаңа деректерді талдау мен басқа да техникалық дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама бойынша төрт стипендиат 2022 жылы Массачусетс технологиялық институты мен Райс университетін сәтті аяқтап, компаниядағы маңызды лауазымдарды еншіледі. Бұған қоса, тағы екі қызметкер осы



бағдарлама шеңберінде магистр дәрежесін алуда. Келесі екі үміткер 2023 жылдың тамызында оқуға аттанады.


2022 жылы ТШО екі маңызды бастаманы қолдауды жалғастырды: Деректер туралы ғылымды дамыту және цифрлық пионерлер бағдарламалары. Алғашқысы ресурстар шектеулі болған жағдайда ұйымдастыру мүмкіндіктерін дамыту үшін, деректер талдауын тезірек дамытудың тәсілдерін іздеу. Бағдарлама машина көмегімен жаңа бизнес ұғымдарын қабылдауға мүмкіндік берді және енгізу жылдамдығын арттыра отырып, деректер туралы ғылымның жұмыс үдерісінде салалық мамандарды терең байланыстырудың балама әдістерін дәлелдеді. Екінші бағдарлама қуатты құралдарды пайдалана отырып, жаңа дағдыларды меңгеруге және өзіне-өзі қызмет көрсетудің цифрлық мүмкіндіктерін құруға дайын талантты әріптестерімізді анықтап берді. 210-нан астам әріптестер цифрлық пионерлер болды, тәлімгерлерімен өздерінің жаңашыл идеяларымен бөлісіп, өз бөлімдерінің қажеттіліктеріне арналған шешімдерді әзірлей алды. Сонымен қатар, 2022 жылы ТШО PowerBI, PowerApps және Robotic Process Automation бойынша үш табысты Digital Yurt Хакатонын өткізді, оған компания бойынша 60-тан астам адам қатысты. ТШО-ның бұл бастамалары кез келген қызметкердің білігі мен даярлығына қарамастан, цифрлық жүйені еркін меңгеруін арттыру және бизнес мәселелерін шешу үшін технологиялық шешімдерді жасау және құндылықты қамтамасыз етуде цифрлық портфолиоларды жеделде-


ту үшін ТШО-ның цифрлық экожүйесіне қосыла алатынын дәлелдеді.

2022 жылдың маусым айында ТШО Алматыда қазақстандық IT компаниялардың серіктес болу және АТ саласын одан әрі дамыту мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында Алматыда бірінші сыртқы хакатон және Digital Tengizchevroil 2022 форумын өткізді. Финалға 30-ға жуық компания өтіп, ТШО қоймасын басқару процесін цифрландыру бойынша өз шешімдерін ұсынды. Нәтижесінде үш қазақстандық АТ-компания ТШО-мен сынақтық келісімшартқа ие болды.

Сонымен қатар, ТШО 2022 жылдың желтоқсанында пилоттық режимде Data Science Bootcamp іске қосу арқылы Data Science және Machine Learning саласындағы ұйымдастырушылық қабілетін арттыруды жалғастырды. Пилоттық бағдарлама қызметкерлердің тандалған тобына қолжетімді болды және алдыңғы білім деңгейіне (АТ емес) немесе АТ саласындағы тәжірибесіне қарамастан, осы салаларға қызығушылық танытатын барлық адамдарға Data Science және Machine Learning тұжырымдамаларын жеткізуге бағытталған. Бұл курстың негізгі мақсаты қызметкерлерге Data Science бағдарламасын үйрену және зерттеу мүмкіндігін беру және бір апталық қарқынды курста алынған білімді нақты өмір жағдайында қолдану болды. Data Science Bootcamp бағдарламасы ТШО-ның Data Science бойынша кеңесшісі және Астана ақпараттық технологиялар университетінің PhD докторанттарымен бірлесе отырып жасалды.



 Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 3

 +7 712 227 1212
+7 712 302 6000
+7 712 302 6752

 tcoinfo@tengizchevroil.com

 tengizchevroil.com



www.tengizchevroil.com